

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы Энергетика және
Байланыс Университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Н.Б.Бекмуратова, Қ.А.Сағытаева

ЭЛЕКТР ҚОНДЫРҒЫЛАРЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

Оқу құралы

Алматы 2022

УДК 621.3 (075.8)
ББК 31.3 я 73
Б 39

Рецензенттер:

техника ғылымның кандидаты. Логистика және көлік академиясының
қауымдастырылған профессор

Имангалиева А.К.

химия ғылымның кандидаты. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
унтверситеті. Жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының доценті

Абишева А.К.

техника ғылымның кандидаты., Г. Даукеев атындағы АЭЖБУ КЕАҚ
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімінің директоры

Утешкалиева Л.Ш.

Алматы энергетика және байланыс университетінің Ғылыми-әдістемелік
кеңесімен баспаға ұсынылды (ж. № хаттама). жылға арналған
АЭЖБУ 2022 ж. ведомостік әдебиеттер басылымдарын шығарудың
тақырыптық жоспары бойынша басылады, реті 68 .

Н.Б.Бекмуратова, Қ.А.Сағытаева

Б 39 Электр қондырғыларындағы қауіпсіздік техникасы: Оқу
құралы (Барлық білім беру бағдарламаларының студенттеріне арналған оқу
құралы)/ **Н.Б.Бекмуратова, Қ.А.Сағытаева.** - Алматы: АЭЖБУ, 2022. – 93 б.:
кесте -5, ил. -22, әдебиет көрсеткіші – 87 атау

ISBN 978-601-358-025-8

Ұсынылып отырған оқу құралында электр тогының адам ағзасына әсері,
қайғылы жағдайларда алғашқы көмек көрсету шаралары, сондай-ақ электр
қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралдары, энергетикалық қондырғыларда жұмыс
қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық және техникалық іс-
шаралар сипатталған.

Оқу құралы барлық білім беру бағдарламаларының студенттеріне
арналған.

УДК 621.3 (075.8)

ББК 31.3 я 73

ISBN 978-601-358-025-8

©АЭЖБУ, 2022

Н.С.Бекмуратова.,

Қ.А.Сағытаева.2022

Кіріспе

Қазақстан Республикасында электрмен қамтамасыз ету электр қондырғыларды жасау мен енгізудің қазіргі заманғы жоғарғы нәтижелі электр машиналарын және аппараттарын, электр беретін желілерді, әртүрлі электротехникалық жабдықтарды, автоматика және телемеханиканы пайдалану арқылы дамып келеді.

Көптеген электр қабылдағыштарды қауіпсіз және авариясыз пайдалануда, оларды қолданатын және қызмет көрсететін жұмыскерлер алдына, еңбекті қорғау бойынша жан-жақты және күрделі міндеттерді қояды.

Электрленген өндірістік қондырғыларды пайдаланатын қызметкерлер мен жұмыскерлердің дұрыс және қауіпсіз еңбек жағдайы электр қондырғыларды пайдалануда ережелер мен нормаларды орындағанда ғана қамтамасыз етілуі мүмкін.

Өндірісте пайдаланылатын электр қондырғылары үлкен әлеуетті қауіп төндіреді. Статистикалық деректерді талдау өндірістегі барлық жарақаттар арасында электр жарақатының деңгейі жоғары емес және 1% - дан аспайтын көрсетеді.

Алайда, өліммен аяқталған жағдайлар саны бойынша электр жарақаттары жекелеген салаларда 40% - ға жеткен және алғашқы орындардың бірін алады. Бұл ретте өліммен аяқталған жағдайлардың 80% - ы кернеуі 127... 380 В электр қондырғыларында орын алған.

Осылайша, электр жабдығын, аппаратураны және аспаптарды пайдалану кезінде қызмет көрсетуші қызметкерлер мен басқа адамдарды электр тогымен зақымдану қаупінен қорғау мәселелері үлкен мәнге ие болады.

Техникалық және ұйымдастырушылық қорғаныс шаралары ток өткізгіш бөліктерге қол жетімсіз және оларға кездейсоқ жанасудың мүмкін еместігін қамтамасыз етуге, токтың электр жабдығының корпусына немесе жерге тұйықталуы кезінде зақымдану қаупін жоюға; электр қондырғыларындағы қызметкердің қате әрекеттерінің алдын алуға бағытталған. Электр қондырғыларында жұмыс істейтін қызметкерлер жүйелі түрде оқытылады, білімдері тексеріледі және қауіпсіздік техникасы бойынша жаттықтырылады. Электр қондырғыларындағы жұмыс қорғаныс құралдарын қолдану арқылы жүргізіледі.

Өндірістік қызметтің потенциалды қауіп-қатерлерінен және оның қоршаған ортаға әсерін жүйелі анализдеу үшін қолданылатын материалдардың қасиеттерін, құрал саймандардың, өндірістік жабдықтардың, технологиялық процестердің, энергияның қолданыстағы түрлерінің сипаттамаларын, өндірістік ғимараттарды, өндірілетін өнім мен басқа да қызмет параметрлерін оқып білу қажет. Еңбек пен қоршаған ортаны қорғау жүйелі басқару жағдайын оқып білу арқылы студенттерге олардың болашақ кәсіби қызмет жасаған кезде өндірістік ұйымдастырушылық сұрақтарды шешуде көмектеседі.

1.Еңбекті қорғау және электр қауіпсіздігінің нормативтік-құқықтық негіздері

Еңбек жағдайын арнайы бағалау өндірістік ортаның және еңбек барысының зиянды және (немесе) қауіпті факторларының бірдейлендіру жөніндегі дәйекті түрде жүзеге асырылатын ішаралардың бірыңғай кешені және олардың қызметкерге әсер ету деңгейінің, олардың нақты мәндері белгіленген, қызметкерлерді жеке және ұжымдық қорғау құралдарын қолдану болып табылады.

Сонымен қатар, еңбек қауіпсіздігі мен ыңғайлылығын, өндірістік мәдениетті қамту үшін жағымсыз факторлар әсерін, құқықтық, нормативтік, еңбекті қорғауды ұйымдастырушылық негіздерді білу қажет.

Еңбек жағдайларын арнайы бағалау өткізу нәтижелері бойынша жұмыс орындарында еңбек жағдайларының топтары (таптары) топтасады. Еңбек жағдайларын арнайы бағалау жүргізу мақсатында зерттеу мен өлшеуге мыналар жатады:

зиянды және (немесе) еңбек барысы мен өндірістік ортаның қауіпті факторлары:

1) физикалық факторлар — аэрозольдар, шу, инфра және ультрадыбыс, діріл, электростатикалық өріс, электромагниттік, иондық сәулеленулер, микроклиматтың параметрлері, жарықтық ортаның және т. б.;

2) химиялық факторлар — жұмыскерлердің терісінде мен жұмыс аймағы ауасында өлшенетін химиялық заттар мен қоспалар;

3) биологиялық факторлар — микроорганизмдер, тірі жасушалар мен даулар патогенді микроорганизмдер — жұқпалы аурулардың қоздырғыштары;

4) еңбек процесінің ауырлығы — адамның тірек-қозғалыс аппаратына және функционалдық жүйесіне физикалық жүктеменің көрсеткіштері;

5) еңбек барысының қауырттығы - жұмыскердің орталық жүйке жүйесіне және сезім мүшелеріне сенсорлық жүктемелер көрсеткіштері.

Еңбекті қорғау — бұл жұмыскерлердің еңбек қызметі денсаулығы мен өмірін сақтау жүйесі, оған құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, техникалық-ұйымдастырушылық, санитарлық-гигиеналық, емдік-профилактикалық, реабилитациялық және т.с.с.

Еңбек жағдайы — бұл жұмыскердің денсаулығы мен жұмысқа қабілеттілігіне әсер ететін өндірістік орта факторлары мен еңбек барысы жиынтығы.

Еңбек жағдайы қауіпсіздігі — бұл еңбек жағдайы кезінде жұмыскерлерге зиянды немесе қауіпті өндірістік факторлар әсер етуі мүмкін емес немесе оның әсер ету деңгейі белгіленген нормативтерден аспайды.

Қызметкерлердің жеке және ұжымдық қорғаныс құралдары — қызметкерлерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың ықпал етуін болдырмау немесе азайту үшін, сондай-ақ ластанудан қорғау үшін пайдаланылатын техникалық құралдар.

Электр қауіпсіздігі дегеніміз - электр тогынан туындаған жазатайым оқиғалардың туындау мүмкіндігін жою үшін электр жабдықтары мен электр желілерінің жекелеген түрлерінің сенімділігін арттыруға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, медициналық, әкімшілік іс-шаралар жүйесі.

Еңбекті қорғау - бұл заңнамалық актілердің жүйесі, сонымен қатар жұмыс барысында қауіпсіздікті, адамның денсаулығы мен еңбек қабілетін сақтайтын әлеуметтік-экономикалық, техникалық, санитарлық-гигиеналық және ұйымдастырушылық шаралар.

Электр энергиясын өндіруге, айырбастауға, жеткізуге, таратуға және тұтынуға арналған қондырғылар электр қондырғылары деп аталады.

Электр қондырғыларындағы қауіпсіздік техникасы (электр қауіпсіздігі) - бұл адамдарды электр тогының зиянды және қауіпті әсерінен қорғауды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық және техникалық шаралар мен құралдар жүйесі.

Электр қорғанысының әдістері мен құралдарын таңдау «Электр қондырғыларын орнату ережелерімен» (ЭҚЕ), «Техника қауіпсіздігі ережелерімен» (ТҚЕ), «Техникалық пайдалану ережелерімен» (ТПЕ), кернеуге, токтың түріне және жиілігіне, қорек көзінің бейтарап режиміне, қоршаған орта жағдайларына, электр қондырғысының мақсатына, адамның кернеуге ұшырауы мүмкін жағдайларына байланысты реттеледі.

Қауіпсіздік техникасы (ҚТ) - бұл жұмыскерлерге қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болдырмайтын ұйымдастырушылық және техникалық шаралар мен құралдар жүйесі.

Еңбекті қорғаудың барлық құқықтық мәселелері Қазақстан Республикасының (ҚР) конституциясы, еңбек туралы заңдар кодекстері (ЕТЗК), үкімет, министрліктер мен ведомстволар қаулылары негізінде шешіледі.

Конституцияға сәйкес жұмыс аптасының ұзақтығы 41 сағат, зиянды өндірістерде – 36 сағаттан аспауы керек. ЕТЗК сәйкес кәсіпорынның әкімшілігіне салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету міндеті жүктелген. Ол заманауи ҚТ құралдарын енгізуге және өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу мақсатында қажетті санитарлық-гигиеналық жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті.

Ұсынылған оқу құралының мақсаты-студенттерді қолданыстағы электр қондырғыларында жұмыс жүргізу кезінде туындайтын қауіпті факторлармен, электр тогының соғуынан зақымдануынан қорғау түрлерімен, электр қондырғыларында жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері мен тәсілдерін, сондай-ақ жазатайым оқиғалар кезінде алғашқы көмек көрсету ережелерімен таныстыру.

2 Жұмыс орнының жарақат қауіптілігін талдау

Жарақат қауіптілігі еңбек қауіпсіздігінің талаптарына жауапты жұмыс орындарының қасиеті түсіндіріледі, нормативті-құқықтық талаптарға сай

жағдайларда жұмыскерлердің жарақаттануына жол бермеу керек. Жұмыс орындарының жарақат қауіпсіздігі өндірістік ортаның төменде көрсетілген факторларының әсер ету нәтижесінде алынуы мүмкін, адамның дене бөлігінің бүліну мүмкіндігінен басқасы қамтамасыз етілуі керек:

- Қозғалатын заттар, механизмдер немесе машиналар, сонымен қатар жұмыс орындарындағы олардың элементтерімен қозғалмайтын жылжымайтын (механикалық әсер ету кезінде). Мұндай заттарға мыналарды жатқызуға болады: тісті, тізбекті, сына-белдікті беріліс, қос иін механизмі, жылжымалы үстелдер, айналмалы бөлшектер, басқару органдары және т.б.;

- Электр тогы (зақымдану көзі кернеулі және оқшауланбаған сымдарда болған электрқондырғыларының ашық бөліктері, қондырғылардың ұшқындаған элементтері, тұрқының жерге тұйықталмаған немесе нөлденбеген жабдықтары және т.б. болуы мүмкін);

- Агрессивті және улы химиялық заттар, мысалға: олардың теріге түскен кезінде немесе иіскеу кезінде күшті қышқылмен, күйдіргіш сілтілермен және улы химиялық заттармен (хлор, аммиак және т.б.) химиялық күйю;

- Шикізат және басқа да жылу тасығыштарды (термиялық әсерде) өңдейтін жабдықтың ыстық элементтері. Мысалға: ыстық құбырлар, қазандардың қақпағы, жабдықтың тұрқылары (корпустары), білдектер, тоңазытқыш қондырғылардың бөлшектері және т.б.;

- Құлаған кездегі алған жарақат. Құлауды екі түрге бөлуге болады: адамға түрлі заттардың құлауы және тайғанаудың салдарынан адамның құлауы, координацияны жоғалтуға байланысты немесе денсаулықтың күрт нашарлауына байланысты құлау.

Жарақат қауіптілігінің факторы бойынша жұмыс орындарын талдау өзіндік ұйымдармен немесе олардың басқа ұйымдармен өтінішітері бойынша жүргізіледі. Жұмыс орындарының жарақат қауіптілігін анықтаудың негізгі мақсаты:

- Өндірістік жабдықтардың қауіпсіздігін талдау;
- Аспаптар мен құрылғылардың қауіпсіздігін талдау;
- Нұсқаушы мен оқытудың құралдармен қамтамасыз етілуін талдау.

Өндірістік жабдықтардың қауіпсіздігін зерттеу кезінде технологиялық және пайдалану құжаттарының (жабдықтың төлқұжаттары, пайдалану бойынша нұсқаулықтар, ППР кестесінің бар болуын және қадағалау, жабдықтың техникалық күйінің журналын толтыру және бар болуы) талаптарын сақтаудың және жүргізудің дұрыстығын, жабдықтың жалпы жұмыс қабілеттілігін (жабдықтың сынақтық қосу және тоқтату процесі жүргізілуі керек) тексеру, қаптамалар, қалқандар, есікшелер, қоршаулар, дабылдағыш, бұғаттаулар және т.б. сияқты ұжымдық қорғау құралдарының сенімділігін, дұрыстығын тексеру қажет.

Құрылымда өндірістік жабдықтарды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін қажет уақытта машинаның тоқтауын, дабылдағыш, қоршау және бұғаттаушы құрылғыларды, апаттық өшіру құрылғысын, дистанциялық

басқару құрылғысын, максималды ток қорғау құрылғысын қамтамасыз ететін сенімді жұмыс істейтін тежегіш құрылғылардың бар болуын қарастыру қажет.

Тежегіш құрылғы механикалық, электромагниттік, пневматикалық, гидравликалық және құрамалы болуы мүмкін.

Дабылдағыш машина мен адамның арасындағы тікелей байланысының буындарының бірі болып саналады. Ол еңбекті жеңілдетуі мүмкін, жұмыстың қауіпсіздік шартын қамтамасыз етеді және жұмыс орнын тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Дабылдағыш дыбыс, жарық, түстік және белгі болуы мүмкін. Дабылдағыш қауіптілікті ескертетін дабылдардың қауіптілік төнуі мүмкін барлық жұмысшыларға өндірістік жағдайға жақсы естілетіндей орналастырылуы керек.

Бұғаттау құрылғылары байланысты байланыссыз тәсілмен сезгіш элементі арқылы жарақаттану қауіптілігінің болуы туралы ақпарат түскен кезде машиналардың жұмыс тәртібін қауіпті өзгерту немесе жұмыскердің қате әрекеті кезіндегі жабдықты жылдам автоматты түрде ажыратуға арналған.

Қоршау құрылғылары адамның қауіпті аймаққа түсуінің мүмкін еместігіне қарастырылған. Оларды машиналардың қозғалатын бөліктеріне, машиналардың тығыздағыштарына, соқпа элементтеріне және т.б. қолдану керек. Қоршау құрылғылары стационарлы, қозғалмалы және ауыспалы болуы мүмкін. Қоршау құрылғылары қорғау қатамалары, есікшелері, маңдайшалары, кедергі (барьер), қалқандар түрінде жасалуы мүмкін.

Электр энергиясын қосуға әкелетін өндірістік жабдықтың құрылымы электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құралдарда (құрылғыларды) қосу керек. Адамның тоқ тізбегіне кездейсоқ тікелей және жанама қосудан техникалық қорғау шаралары міндетті түрде қарастырылуы керек. Оған жататындар: қорғанышты жерге тұйықталуды немесе электр жабдықтың тұрқысын нөлдеуді қолдану, желіге автомат немесе сақтандырғыш арқылы қосылу, жабдықтың тоқ өткізгіш элементтерін оқшаулау және қоршау.

Электр қауіпсіздігін тексеру кезінде келесілерді тексеру қажет:

- Жерге тұйықтағыш өткізгіштердің болуы, оның қысқышқа бекітілуі (бұрандамен немесе дәнекерлеумен, бұраумен емес);
- өткізгіштердің оқшаулау сапасы (оқшаулағыштың ашық зақымдалуының болмауы);
- қоректенетін өткізгіштер мен жерге тұйықтағыштардың айыру түсі және таңбасының болуы;
- ескерту плакаттарының қауіпсіздік белгілерінің болуы және дәлдігі;
- жерге тұйықтағышты, нөлденуді және қорғаныстық-ажырату құрылғыларын қолдану;
- электр жабдығының тоқ өткізу бөлігіне жанасудан, жерге тұйықталудан, кернеуліктен қорғаудың болуы;
- статикалық электр қуатын алу үшін құралдардың тиімділігі және болуы;
- апаттық ажырату, тоқшектеуші және жайқорған құрылғыларды

пайдалану;

- балқығыш сақтандырғыштардың және (қорғаныстық) автоматы ажыратқыштардың болуы.

Жұмыста пайдаланылатын аспаптардың және құрылғылардың қауіпсіздігін бағалау кезінде олардың бар болуын, дұрыстығын және нормативтік талаптарға сәйкестігін тексеру керек. Талдау сыртқы тексеру арқылы орындалуы керек. Аспаптар мен құралдар қажет болған кезде ССБТ (оперативтік бағаналар және ток өлшеуіш қысқаштар, диэлектрлік кілемшелер, галоштар, қолғаптар және т.б.) талаптарына сәйкес міндетті түрде сынап көру керек.

Құралдардың және нұсқаулықтың сапасын талдау кезінде «ССБТ. Еңбек қауіпсіздігін оқытуды ұйымдастыру» және «ұйым жұмыскерлерінің еңбек қорғау талаптарын тексеру және еңбек қорғау бойынша оқыту тәртібі» ГОСТ12.0.004-90 талаптарына сәйкес қауіпсіздік және еңбек қорғау бойынша оқыту сапасын және нұсқау жүргізу мерзімін тексеру керек.

Еңбек қорғау бойынша және қауіпсіздік нұсқаулығының сапасын бағалау кезіндегі негізгі құжат «өкілетті органдарға сәйкес еңбек қорғаудың және қауіпсіздік аумағында нормативтік құқықтық актілерді қабылдау ережесі» (қосымшалар және түзетулермен 2007 ж. 21 тамызындағы Қазақстан Республикасының Үкіметінің Қаулысы) болып табылады. «Жұмыс берушілерге еңбек қорғау және қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтарды өңдеу және бекіту ережесі» (№157-п 2007 ж. 16 шілдесіндегі Қазақстан Республикасы халқының әлеуметтік қорғау және еңбек Министрлігінің Бұйрығы).

Жұмыс орнының жарақат қауіпсіздігін қауіптіліктің үш класының ішінен бір-бірден бағалау керек.

Класс1- тиімді еңбек шартына егер жабдық пен аспаптар тұтастай ережелер стандартына жауапты, сонымен қатар қажетті қорғау құралдары жөнделсе және анықталса, нұсқаулық құралы мен оқыту талаптарға жауапты, жабдық түзетілген шартын жатқызады.

Класс2- мүмкін еңбек шартына егер қорғау құралында зақымданулар мен ақаулықтар болса, бірақ бұл зақымданулар олардың қорғау қызметін нашарлатпайды, мысалы: дабылдық бояулардың жиі ластануы, жеке бекіту бөлшектерінің әлсіреуі және т.б. болатын шартты жатқызады.

Класс3- қауіпті еңбек шартына жұмыстық органдардың құрылымымен қарастырылған қорғау құралдары болмаса немесе бүлінулер мен жарамсыздықтар болатын шартты жатқызады.

2.1 Нұсқауды жүргізу. Өндірістік травматизмді есептеу және тергеу

Кәсіби аурулар және травма алуы мүмкін болатын әрбір мекемеде тұрақты және уақытша нұсқаулар жүйесі болуы қажет.

Жұмысқа енді қабылданатын жұмысшылар жұмыс орнындағы техника қауіпсіздігі ережелері және өндірістік санитария бойынша кіріспе нұсқаудан өткеннен кейін жұмысқа жіберіледі.

Кіріспе нұсқауды техника қауіпсіздігі бойынша инженер немесе бас инженер жүргізеді. Прораб (мастер, участка бастығы) өкім бойынша келген жұмысшығы жұмыс орнында техника қауіпсіздігі бойынша нұсқау өткізеді. Қайталау нұсқауы үш айда бір рет, сонымен бірге жұмыстың жағдайы өзгеріп немесе техника қауіпсіздігі бұзылғанда жүргізіледі.

Өндіріске байланысты бақытсыз жағдайларды есептеу және тіркеу тәртібі ҚР Үкіметінің 3.03.2001ж. №326 жарлығымен бекітілген «Бақытсыз жағдайларды ескеру және тергеу Ережелеріне» сәйкес жүргізіледі.

Әрбір жазымда жарақаттанушы жылдам түрде жұмыс берушіге немесе жұмыс ұйымдастырушыға хабардар ету керек.

Жазымды тергеуде 24 сағаттың ішінде мекеме басшысымен комиссия құрылады. Оның құрамына: мекеме басшысы немесе оның орынбасары, қызметкерлер атқарушы органының өкілі немесе жарақаттанушының сенімді адамы.

Ауыр жарақат алған немесе екі және одан да көп жұмысшылардың өліміне алып келген топтық жазымдарға арнайы тергеу жасалынады. Еңбек бойынша территориялық атқарушы мемлекеттік орган құрған комиссия он күннің ішінде тергеу жұмыстарын жүргізеді. Ол комиссияның құрамына төмендегілер кіреді: төраға - мемлекеттік еңбек инспекторы, мүшелері –жұмыс беруші, қызметкерлер атқарушы органының өкілі немесе жарақаттанушының сенімді адамы.

Өндіріске байланысты жұмысшының еңбек ету қабілетін жоятын әрбір жазым бір күннің ішінде Н-1 түріндегі акты толтырылады.

Еңбек қорғау жөнінде нұсқау беру.

Жұмыс орнында өндірістік травматизмді азайту үшін жұмысшыларға еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдері жөнінде дер кезінде және сапалы нұсқау беріліп отыру керек.

Барлық кәсіпорындарында олардың қауіп-қатерлік өзгешелігі мен дәрежесіне және жұмысшылардың мамандық дәрежесімен еңбек стажына қарамай еңбек қорғау жөнінде нұсқау міндетті түрде жүргізілу керек.

Нұсқаудың бірнеше түрлері болады: кіріспе нұсқау, жұмыс орнында бірінші нұсқау, қайталанған нұсқау, жоспардан тыс нұсқау, күнделікті нұсқау.

Кіріспе нұсқау. Жұмысқа жаңадан алынатын барлық адамдармен жүргізіледі. Бұл нұсқауды арнайы бағдарлама бойынша еңбек қорғау инженері немесе басқа бір техникалық қызметкер жүргізеді. Нұсқауды жүргізу барысында жұмысшылар мынандай жайлармен танысады: өндірістің өзгешелігі, қауіптілік пен зияндылықтың көздері, еңбек қорғау заңдарының негіздері, қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігінің мәселелері, жеке қорғаныш құралдары, жарақаттанған адамдарға бірінші (жедел) медициналық көмек көрсету әдістері тағы басқа жағдайлар.

Нұсқау өткізілгеннен кейін жұмысшылардың білімі тексеріліп, нұсқау өткендігі жөнінде арнайы журналға тіркелінеді.

Жұмыс орнында бірінші нұсқау. Жұмысқа алынған барлық адамдармен немесе бір бөлімшеден екінші бөлімшеге ауысқанда және командировкамен келген адамдармен жүргізіледі. Бұл нұсқауды мастер немесе басқа жұмыс басшыларының біреуі жүргізеді. Ол әр жұмысшыны жеке тікелей жұмыс орнында еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне үйретеді. Мұнда жұмысшылар технологиялық процеспен, құрал-саймандармен, жұмыс орнын қауіпсіздендіру жолдарымен, жұмысқа кірісуге дайындық ретімен, қорғану құралдарын пайдалану ережелерімен, өрт және электр қауіпсіздік шараларымен тағы басқа мәселелермен танысады.

Нұсқау өткеннен кейін жұмысшылардың білімі сыналып, олар 2-3 смена бойынша мастердің (бригадирдің) бақылауымен жұмыс істейді, содан соң оларға өз бетімен жұмыс істеуге рұқсат беріледі. Бұл нұсқаудың жүргізілуі журналға тіркелінеді.

Қайталанған нұсқау мамандық дәрежесі мен еңбек стажына қарамай барлық жұмысшылармен өткізіледі. Мамандықтардың өзгешелігіне сәйкес бұл нұсқау әрбір 3-6 айда жүргізілуі керек. Бұл нұсқаудың мақсаты – жұмысшылардың еңбек қорғау ережелерінен білімдерін тексеру және оны жоғарлату болады. Нұсқау өткендігі жөнінде журналға жазылуы керек.

Жоспардан тыс нұсқау еңбек қорғау ережелері немесе технологиялық процестер өзгергенде, жұмыскерлер қауіпсіздік талаптарын бұзған жағдайларда, жұмыста үлкен үзіліс (30-60 күн) болғанда өткізіледі. Бұл нұсқауда журналға тіркелінеді.

Күнделікті нұсқау наряд-допуск дайындап істелетін жұмыстарды жүргізу алдында өткізіледі. Бұл нұсқаудың өткізілгендігі сол наряд-допустің өзінде көрсетіледі.

3 Электр тогының адамға әсері, электр жарақаттарының түрлері

Адам кернеу астындағы өткізгішке тигенде (жанасқанда) жерден нашар оқшауланған болса немесе сонымен қатар әлеуеттің басқа мәні бар нысанға қатысты болса адам өзіне электр тізбегін «қосады». Бұл жағдайда адамның денесі арқылы ағзаға ерекше әсер ететін электр тогы өтеді: термиялық, электролиттік, механикалық және биологиялық.

Термиялық әрекет кезінде токтың өту жолында органдардың қызып кетуі және функционалдық бұзылуы болады.

Токтың электролиттік әсері ағза тіндеріндегі сұйықтықтың электролизінде, оның ішінде қанында және оның физикалық-химиялық құрамының бұзылуында көрінеді.

Механикалық әсер тіндердің үзілуіне, қатпарлануына, ағзаның тіндерінен сұйықтықтың булануының соққы әсеріне әкеледі. Механикалық әрекет бұлшық еттің қатты азаюына байланысты, тіпті олардың үзілуіне дейін әкеледі.

Токтың биологиялық әсері жүйке жүйесінің тітіркенуі мен қозуынан көрінеді.

Электр энергиясын пайдалануға байланысты адамға қауіпті және зиянды әсер ету факторлары:

- адам ағзасы арқылы электр тогының өтуі;
- электр доғасының әрекеті;
- биологиялық белсенді электр өрісінің әсері;
- биологиялық белсенді магнит өрісінің әсері;
- электростатикалық өрістің әрекеті;
- электромагниттік сәулеленудің әсері (ЭМС).

Электр тогының, электр доғасының, электр және магнит өрістерінің, электростатикалық өрістің және ЭМС әсерінен адам үшін қауіпті және зиянды салдары электр жарақаттары, механикалық зақымданулар және кәсіби аурулар түрінде көрінеді.

Әсер ету дәрежесі фактордың экспозициясына, оның ішінде кернеу мен токтың түрі мен шамасына, электр тогының жиілігіне, адам денесі арқылы ток жолына, электр тогының немесе электр және магнит өрістерінің адам ағзасына әсер ету ұзақтығына, сыртқы орта жағдайына байланысты болады.

3.1. Электр жарақаттары:

Электр қондырғыларын пайдаланатын қызметкерлердің электр қауіпсіздігі ережелерін сақтамауы электр тогымен зақымдалуға және түрлі электр жарақаттарына әкелуі мүмкін.

Электр жарақаттарының екі түрі бар: жергілікті электр жарақаттары және жалпы электр жарақаттары (электрлік соққы).

Жергілікті электр жарақаты - бұл электр тогының немесе электр доғасының әсерінен туындаған ағза тіндерінің, оның ішінде сүйек тіндерінің бүтіндігінің нақты жергілікті зақымдануы. Жергілікті электр жарақаттарға: электрлік күйіктер, электр белгілері, терінің электрметаллизациясы, механикалық зақымданулар, электрофтальмия жатады.

Электр соққысы - ағзаның тірі тіндерін ол арқылы электр тогымен қоздыру, бұлшықеттердің босансуы.

Адам ағзасына әсер ету дәрежесі бойынша электр соққысы төрт сатыға бөлінеді:

- I - бұлшықеттердің әлсіз, дірілдеп жиырылуы;
- II - бұлшықеттердің дірілдеп жиырылуы, естен тану;
- III - естен тану, жүрек және тыныс алу қызметінің бұзылуы;
- IV - клиникалық өлім, яғни тыныс алудың және қан айналымының болмауы.

Электр энергиясын пайдалануға байланысты қауіпті факторлардың әсер етуі салдарынан болған механикалық зақымданулар (биіктіктен құлау, соғылу), электр жарақатына жатқызылуы мүмкін. Сонымен қатар, электр тогы

бұлшықеттердің (құрысулар) еріксіз қысқаруын (жиырылуын) тудырады, ол адамның ток өткізгіш бөліктерімен түйісуден босатылуын қиындатады.

Кәсіби аурулар, әдетте, жүйке және жүрек-қантамыр жүйесінің функционалдық жағдайының бұзылуы арқылы байқалады. Электр және магнит өрістерінің, электростатикалық өрістің, радиожиліктердің электромагниттік өрістерінің әсер ету аймағында жұмыс істейтін адамдарда тітіркенгіштік, бас ауруы, ұйқының бұзылуы, тәбеттің төмендеуі, репродуктивті функцияның бұзылуы және т. б. пайда болады. Зиянды факторлардың әсерінен көз аурулары немесе лейкемия (аққандылық) болуы мүмкін.

Өнеркәсіптік жиіліктегі айнымалы токты адам 0,6–15 мА кезінде сезе бастайды 12-15 мА ток саусақтар мен қолдарда қатты ауырсынуды тудырады. Адам осындай жағдайға 5-10 с шыдайды және қолды электродтардан өз бетімен жұлып алуы мүмкін. 20-25 мА ток өте қатты ауырсынуды тудырады, қолдар жансызданады, тыныс алу қиындайды; адам электродтардан өздігінен босана алмайды. 50-80 мА ток кезінде тыныс алу параличі болады, ал 90-100 мА кезінде жүрек параличі және өлім болады.

Адам денесі тұрақты токқа аз сезімтал болады. Оның әсері 12-15 мА кезінде сезіледі. 20-25 мА ток қол бұлшық еттерінің шамалы жиырылуын тудырады. Тек 90-110 мА ток кезінде тыныс алу параличі болады.

Ең қауіпті - жиілігі 50-60 Гц айнымалы ток болып табылады. Ток жиілігінің ұлғаюымен тері бетіне тарала бастайды, қатты күйік тудырады, бірақ электр соққысына әкеп соқпайды.

Адамның денесі арқылы өтетін ток шамасы дене кедергісіне және қосылған кернеуге байланысты болады. Токтың ең жоғары кедергісі терінің жоғарғы мүйізді қабаты, жүйке және қан тамырларына әсер етеді.

Құрғақ зақымданбаған тері кезінде адам денесінің электр тогына қарсы кедергісі 40-100 кОм. Мүйіз қабатының қалыңдығы (0,05–0,2 мм) және 250 В кернеуінде жылдам тесіледі. Мүйіз қабатының зақымдануы адам денесінің кедергісін 0,8-1 кОм дейін азайтады. Кедергі токтың әсер ету уақытының ұлғаюымен де азаяды. Сондықтан зардап шегушінің ток өткізгіш бөліктерімен жанасуын тез жою өте маңызды болып табылады.

Зақымдалудың нәтижесі көп жағдайда адам денесіндегі ток жолына байланысты. Токтың ең үлкен бөлігі жүрек арқылы өтетін кезде ең қауіпті жолы «қол–аяқ» мен «қол-қол».

Кедергінің шамасына, яғни электр тогының зақымдану нәтижесіне адамның физикалық және психикалық жағдайы үлкен әсер етеді. Тері жамылғысының жоғары тершендігі, шаршау, жүйке қозуы, масандық адам денесінің қарсыласуының күрт төмендеуіне әкеледі (0,8–1 кОм дейін). Сондықтан салыстырмалы түрде аз кернеу электр тогының зақымдануына әкелуі мүмкін.

Адам ағзасын кернеу емес, ток шамасы зақымдайтынын есте сақтау керек. Қолайсыз жағдайларда ең төмен кернеу (30 - 40 В) өмірге қауіпті болуы мүмкін. Егер адам денесінің кедергісі 700 Ом болса, онда 35 В кернеу қауіпті болып табылады.

3.2 Электр тогының әсері

Егер адам бір уақытта екі нүктеге қатысты болса, онда кернеу бар және тұйықталған тізбек пайда болады, оның денесі арқылы ток өтеді. Бұл токтың мәні жанасу сұлбасына, яғни адам электр қондырғысының қандай бөліктеріне қатысты, сондай-ақ электр желісінің параметрлеріне байланысты.

Адам денесінің кедергісі және оған қоса берілген кернеу ток мәнін өзгертетін шамада ғана әсер етеді.

Электр тогының тірі тінге әсері ерекше және жан-жақты сипатқа ие. Электр тогы адам ағзасы арқылы өтіп, термиялық, электролиттік әсер етеді, бұл жансыз объектілерге тән, сондай-ақ, ішкі биоэлектрлік процестердің бұзылуынан көрінетін ерекше биологиялық әсер, ағзаның тірі ұлпаларының тітіркенуі мен қозуынан көрінеді, бұл бұлшық еттің, соның ішінде жүрек пен өкпенің еріксіз қысқаруымен қатар жүреді.

Зақымдалу ауырлығы бірінші кезекте жанасу $U_{пр}$ кернеуіне тәуелді ток мәні адам денесінің R_h кедергісіне, сонымен қатар оның әсер ету уақытына байланысты болады. Әсер ету ұзақтығы 0,2 с артық болған кезде зақымдану ауырлығы күрт артады, бұл адам кардиоциклінің ерекшеліктерімен байланысты. Сондықтан тез әрекет ететін ажырату қорғанысының іске қосылу уақыты 0,2 с аспауы тиіс (ЭҚЕ бойынша фазалық кернеу 220 В кезде 0,4 с артық емес).

Әртүрлі токтар ағзаға бірдей қауіпті емес (басқа жағдайларда). 50-60 Гц өнеркәсіптік жиіліктің айнымалы тогы ең қауіпті деп саналады. Ол орталық жүйке жүйесіне қатты әсер етеді және бұлшықеттердің күшті жиырылуына әкеледі, олар көп жағдайда адамды кернеудегі бөліктермен байланыста ұстап тұрады, ток өткізгіш бөліктен (ТВЧ-ТӨБ) өз бетінше босату мүмкіндігінен айырады.

Адам арқылы өтетін токтың өсуіне қарамастан, жиіліктің одан әрі жоғарылауы 450 - 500 кГц жиіліктер кезінде толығымен жоғалатын зақымдану қаупінің төмендеуімен сүйемелденеді. Бұл жиілік диапазонының және одан артық токтары тоқтату салдарынан өлімге әкеп соқтыруы мүмкін емес. Бұл токтар электр доғасы пайда болған кезде де, сондай-ақ адамның денесінен тікелей өту кезінде де күйік қаупін сақтайды.

Тұрақты ток жиілігі 50 Гц айнымалы токқа қарағанда шамамен 4-5 есе қауіпсіз болып табылады. Сол мәндегі айнымалы токпен салыстырғанда ол адамның денесі арқылы өтіп, бұлшықеттің жиырылуын және жағымсыз сезім тудырады. Тек ток тізбегінің тұйықталуы мен ажырауы кезінде адам бұлшықеттердің кенеттен тырысып кетуінің салдарынан қысқа мерзімді ауырсыну сезімін сезінеді, ол шамамен сол мәнді айнымалы ток кезінде пайда болады.

Тұрақты және айнымалы токтардың салыстырмалы қауіптілігі туралы айтылғандар 500 В дейінгі кернеу үшін ғана келеді. Жоғары кернеу кезінде тұрақты ток 50 Гц айнымалы жиілікте қауіпті болады деп саналады. Адам ағзасына токтың теріс әсер ету дәрежесі оның мөлшерінің өсуімен де артады.

Сезінетін ток – бұл адам арқылы өту кезінде сезілетін тітіркеуді тудыратын ток. Адам өзі арқылы өтетін айнымалы токты мәні 0,5 - 1,5 мА жиілігі 50 Гц болғанда және тұрақты токтың мәні 5 - 7 мА болғанда әсерін сезіне бастайды.

Бұл әсер айнымалы ток кезінде әлсіз қышу мен жеңіл шаншумен, ал тұрақты ток кезінде - ток жүргізу бөлігіне қатысты бөлікте терінің қызуын сезумен шектеледі. Көрсетілген ток мәндері шектік (шекті) болып табылады, олардан сезілетін әсер ету аймағы басталады. Бастапқы сезілетін токтар кезінде адам жергілікті (күйік, электр белгісі және т.б.), сондай-ақ жалпы (1-4 дәрежелі электрлік соққы) электр жарақаттарын алуы мүмкін.

Жібермейтін ток (босатылмайтын ток) - бұл адам арқылы өту кезінде өткізгіш қысылған қолдың бұлшық еттерінің жиырылуын тудыратын ток.

Шектік жібермейтін ток (шектік босатылмайтын ток) деп жіберілмейтін токтың ең төменгі мәнін айтады. Жиілігі 50 Гц айнымалы ток үшін ол 10-15 мА (ерлер үшін ток өту жолы «қол-қол») құрайды. Токтың бұл мәндерінде адам көтере алмайтын ауырсынуды сезінеді, ал қол бұлшықеттерінің тартылуы соншалықты маңызды болып табылады, яғни ол ТӨБ қысылған қолын аша алмайды.

Тұрақты ток үшін жібермейтін токтың шектік мәні 50-80 мА құрайды.

Фибрилляциялық ток - бұл адамның денесінен өту кезінде жүректің фибрилляциясын тудыратын ток.

Фибрилляция (fibrillatio) - жүректің көптеген жекелеген бұлшықет талшықтарының жылдам хаотикалық қысқаруы, нәтижесінде жүрек тиімді және синхронды қысқартулар қабілетін жоғалтады.

Осыдан кейін жүректің зақымдалған бөлігі қан айдауын тоқтатады. Фибрилляция жүректің алдыңғы немесе қарыншаларында пайда болуы мүмкін.

Шекті фибрилляциялық ток деп фибрилляциялық токтың ең аз мәнін айтады. Жиілігі 50 Гц айнымалы ток үшін 100 мА бастап 5 А дейінгі фибрилляциялық ток, 100 мА – шекті ток болып табылады. Тұрақты ток үшін шекті фибрилляциялық ток 300 мА, жоғарғы шегі – 5 А есептеледі. Бұл деректер «қол-қол» немесе «қол – аяқ» жолы бойынша адам арқылы (кемінде 2 - 3 с) токтың ұзақ өтуі жағдайында әділ екенін атап өткен жөн.

5 А артық ток, тұрақыт кернеу кезінде және жиілігі 50 Гц кезінде жүректің фибрилляциясын (бүлкілдеуін) тудырмайды. Мұндай ток жүргенде фибрилляция күйінен өтіп, жүректің дереу тоқтауы орын алады.

Белгілі бір жорамалдар кезінде адам денесін электрлік алмастыру сұлбасы түрінде ұсынуға болады. «Қол-қол» жолы бойынша адам арқылы токтың өтуі кезіндегі құбылыстарды талдау және адам кедергісінің электрлік параметрлерін есептеу үшін – екі алмастыру сұлбасы: эквивалентті (1, а сурет) және жеңілдетілген (1, б сурет) қолданылады. Мұнда R_h және C_h – активті кедергі және алақанның электродпен байланысы зонасындағы сыйымдылық. 1, а-суреттегі сұлбада R_n және C_n терінің сыртқы активті және реактивті құраушысы, r_b – ішкі кедергі.


Эквивалентті алмастыру сұлбасын талдай отырып, бірнеше қорытынды жасауға болады:

а) сұлбада сыйымдылықтың және сәйкесінше реактивті құраушының болуы, z_h үшін анықтамада адам денесінің кедергісінің мәніне ток жиілігі мен түрінің әсері белгіленеді.

б) жиіліктің артуымен f сыйымдылықты кедергі $x_C = 1/(2\pi f C_H)$ азаяды және активті кедергі тұйықталады (шунтталады). $f \rightarrow \infty$ кездегі шекте адам денесінің толық кедергісі r_b тең болады.

в) жиілік азайған кезде сыйымдылықты кедергі өседі $f \rightarrow 0$, яғни тұрақты ток кезінде $z_h = z_0 = 2r_H + r_B$, осыдан:


$$r_H = \frac{z_0 - r_B}{2} \quad (1)$$



1 сурет – Адам денесінің электрлік алмастыру сұлбасы «қол-қол»: а) эквивалентті; б) жеңілдетілген.

Кейбір болжамдармен 0-100 Гц жиіліктерінде адам денесінің толық кедергісі ток жиілігіне сызықтық тәуелділікте және экстраполяция әдісімен анықталуы мүмкін. Осы мақсатпен сызықтық масштабта толық кедергінің жиілікке тәуелділік графигі құрылады, 2-суретте көрсетілген.

z_0 мәні координаттардың осімен бірге $z_1 - z_4$ тік сызықтың қиылысында орналасқан.



2 сурет - Тұрақты токқа қарсылықты анықтау кезіндегі экстраполяция графигі

г) Осы жиілікте Z_H сыртқы қабатының толық кедергісінің мәні келесі анықтамамен табылуы мүмкін

$$z_H = \frac{z_f - r_B}{2}, \quad (2)$$

мұндағы z_f – белгіленген жиіліктегі адамның z_h кедергісі.

Терінің сыртқы қабатының толық z_H кедергісі r_H және $1/(\omega C_H)$ қатынаспен байланысты:

$$1/z_H^2 = 1/r_H^2 + 1/(\omega^2 C_H^2)$$

Осыдан, сыртқы тері қабатының сыйымдылығын C_H келесі анықтамадан алуға болады:

$$C_H = \frac{\sqrt{r_H^2 - z_H^2}}{2\pi f r_H z_H} \quad (3)$$

Келтірілген өрнектер $z_h(f)$ эксперименталдық тәуелділік болған кезде берілген f жиілік үшін r_B , z_0 , r_H , z_H , C_H мәндерін есептік жолмен анықтауға мүмкіндік береді.

Терінің күйі адам денесінің электрлік кедергісінің мәніне қатты әсер етеді. Мысалы, мүйіз қабатының зақымдануы, оның ішінде кесіктер, сызаттар, жаралар және басқа да микротравмалар z_h ішкі кедергі мәніне жақын мәнге дейін төмендетуі мүмкін, бұл, әрине, токпен зақымдану қаупін арттырады. Терінің сумен немесе содан кейін ылғалдануы, сондай-ақ терінің шаңмен немесе кірмен ластануы да осындай әсер етеді.

Бір адамда терінің электр кедергісі дененің әртүрлі бөліктерінде бірдей емес болғандықтан, жалпы кедергіге қосымша орны, сондай-ақ байланыстығыздығы мен ауданы да әсер етеді.

Адам денесі арқылы өтетін токтың мәні мен ұзақтығы z_h толық электр кедергісіне тікелей әсер етеді: токтың өсуімен және оның өту уақытына кедергі түседі, себебі терінің жергілікті қызуы күшейе түседі, бұл оның тамырларының кеңеюіне, демек, қанмен жабдықтаудың күшеюіне және тер бөлінуінің артуына әкеледі. Соңында, адамның денесіне салынған кернеудің артуы терінің кедергісін он есе азайтады, демек, дененің толық кедергісін шектерде (r_B ішкі органдарының кедергісі) ең аз мәніне 300-500 Ом жақындатады.

Бұл факторлар, ең алдымен, 50 - 200 В кернеуінде пайда болатын терінің мүйіз қабатының тесілуі, сондай-ақ тері арқылы өтетін токтың өсуі сиықты (кернеудің жоғарылауы есебінен) және т. б. факторлармен түсіндіріледі. Жалпы қалыпты жағдайда адам денесінің толық кедергісінің шамасы 3-100 кОм шегінде болады. 50 В дейінгі кернеу кезіндегі есептерде адам денесінің қарсыласу шамасы 6 кОм, ал 50 В жоғары кернеу кезінде – 1 кОм қолданылады.

Электр жарақатының ауырлығына жоғарыда көрсетілген факторлардан басқа сыртқы орта жағдайлары, адам арқылы токтың өту жолы (ең қауіпті оң қол – басы) және адамның нақты электр желісіне қосылу сұлбасы әсер етеді.

4 Электр тогымен адамның зақымдану дәрежесіне әсер ететін факторлар

4.1 Ток күші

Адам денесі арқылы өтетін электр тогы организмнің жалпы тітіркенуін тудырады, оның түрі Ток күшіне тәуелді. Сәйкес тітіркенуді тудыратын токтың өте аз мәні бастапқы деп аталады (4.1кесте). Адам 0,6 ... 1,5 мА деңгейде 50 ... 60 Гц жиіліктегі ауыспалы токтың әсерін сезе бастайды, бұл – сезілетін бастапқы ток, ол кезде қол саусақтарының жеңіл дірілі байқалады. Бастапқы жібермейтін ток қолдың бұлшықеттерінің тырысып қысқаруының пайда болуымен сипатталады, онда сым қысулы, адам өзін-өзі басқару қабілеттілігінен айрылады және өз бетімен босай алмайды. Фибрилляциялық ток жүрек фибрилляциясын, яғни жүрек тамырларының әлсізденуін, түршігуін және тырысуын пайда етеді. *Бастапқы фибрилляциялық ток кезінде жүректің фибрилляциясы яғни қан айналымының дұрыс болмауы, жүрек бұлшықеттерінің талшықтарының қысқаруын көрсетеді. Жүректің біртұтастай қысқаруы тоқтап «насос» тәрізді қан айдау қызметі қабілетін жоғалтады, қан айналу тоқтап жүрек әлсірейді де тоқтайды.*

4.1 кесте - Токтың бастапқы мәні

Бастапқы ток	Ток күші, мА.	
	50 ... 60 Гц жиіліктегі ауыспалы	Тұрақты
Сізілетін	0,6 ... 1,5	5 ... 7
Жібермейтін	10 ... 15	50 ... 80
Фибрилляциялық	80 ... 100	100 ...300

4.2 Адам денесінің кедергісі

Ток күші берілген кернеуге және дене кедергісіне тәуелді. 0,05 ... 0,2 мм (эпидерма) қалыңдықтағы тері қабатының беті өлі жасушалардан тұратын ұлпаның сүйелденген қатпарларынан тұрады. Сүйелденген қатпардың белсенді кедергісі тері жағдайына тәуелді және бірнеше килоомнан мегаомға дейін (кұрғақ тері кезінде) құрайды. Егерде сүйелденген қатпарды алып тастаса, онда дене кедергісі 1 кОм-ға дейін азаяды. Бұлшық еттердің, май және сүйек ұлпаларының, жүйке талшықтарының, қанның кедергісі анағұрлым аз мәнге ие, түгелдей алғанда адамның ішкі ағзаларының кедергісі $R_b=400 \dots 600 \text{ Ом}$ құрайды.

Соныменен, сүйелденген қатпардың зақымдануы, соның ішінде тіліктер, жарықтар және басқада микро жарақаттар дене кедергісін төмендетіп, ішкі ағзалардың кедергісінің мәніне дейін жуықтатады. Осындай әсерді электр тогының жақсы өткізгіштері болып терінің сумен және әсіресе термен сулануы,

сонымен бірге оның ток өткізгіш шаңдармен, металл бөлшектермен былғануы және т.б. көрсетеді.

Ток жүретін бөліктермен байланыс тығыздығын және ауданын үлкейту терінің белсенді кедергісін R_T төмендетеді. Бұл жағдайда ауыспалы токтың кедергісі өте шұғыл төмендейді.

Кернеу 200...300 В жеткен кезде терінің жоғарғы қабатының электрлік тесілуі басталып, жалпы кедергі өзінің ең төменгі мәніне (R_B) жақындайды. 50 Гц ауыспалы ток кезінде есептік мән ретінде адам денесінің кедергісі 1000 Ом тең деп қабылдайды.

4.3 Токтың әсер ету ұзақтығы

Организмге электр тогының әсері ұзақ болған сайын, зақымдану нәтижесі ауыр болуы мүмкін. Бұны организмге ток әсері салдарлары жиынтығының байланыс орындарында терінің қызуы кезінде терінің кедергісінің төмендеуімен (тердің бөлінуінен) және әсіресе жүрек циклының қауіпті кезеңінде токтың өту ықтималдығының жоғарылауымен түсіндіреді.

12.1.038 - 82 МСТ және электр тогының адамға әсерінің ұзақтығынан фибрилляциялық (жіберетін) токтардың рұқсатты деңгейлері анықталған (2 кесте). Адам денесі арқылы өтетін ток мәнінің өте қауіпті (резонанстық) шамасы, ол токтың өту ұзақтығы кардиоцикл уақыты (0,75 - 1,0 с) тең немесе асып кетеді. Бұл кезде ток жүрек жұмысының барлық фазаларымен «кездеседі».

4. 2 кесте - Адам денесі арқылы өтетін рұқсатты ток, мА

Ток түрі	Әсер ету ұзақтығы, с										
	0,01	0,1	0,2	0,3	0,4	0,5	0,6	0,7	0,8	0,9	1
Ауыспалы (50 Гц)	650	500	250	165	125	100	85	70	65	55	50
Тұрақты	650	500	400	350	300	250	240	230	220	210	200

Бұл кестеден байқағандай, егерде организм арқылы өтетін токтың өту ұзақтығы 0,5 с аспайтын болса, онда ауыспалы токтың өте қауіпті мәні 100 мА рұқсатты болуы да мүмкін.

4.4 Электр тогының түрі және жиілігі

Тұрақты ток өндірістік жиілікті ауыспалы токқа қарағанда аз қауіпті, оның бастапқы мәні 3-4 есе жоғары (4.2 кесте). Бірақта бұл 250...300 В дейінгі кішігірім кернеу үшін дұрыс, ол кезде терінің жоғарғы қатпарының электрлік тесілуі әлі басталмайды. 400...600 В диапазонында тұрақты және ауыспалы токтың қауіптілігі біршама бірдей. Кернеуді одан әрі үлкейткен сайын тұрақты токтың қауіптілігі өсе түседі, ол электрлік әсермен түсіндіруге болады.

10 нан 500 Гц дейінгі жиіліктегі токтар іс жүзінде бірдей қауіпті. 1...2 кГц жиілік кезінде токтың қауіптілігі біраз төмендейді, ал 400...500 кГц кезінде токтың биологиялық әсері тіпті байқалмайды. Бірақ та бұл жағдайларда электр доғасынан да, адам денесі арқылы өтетін токтан да, токтан күйу қаупі сақталады.

4.5 Адамның физиологиялық жағдайы

Токтың әсер етуін ауру және әлсіз адамдарға қарағанда, дені сау және физикалық тұрғыдан мықты адамдар жеңіл қабылдайтындығы байқалған. Жүйке жүйесінің қозу, депрессия және мас жағдайында адамдар электр тогына өте сезімтал.

«Көңіл бөлу факторы» маңызды рөл атқарады. Егерде адам ток әсеріне дайын болса, онда қауіптілік дәрежесі біраз төмендейді.

4.6 Адам денесі арқылы токтың жолы

Өмірлік маңызды ағзалар - жүрек, өкпе, бас немесе жұлын миы арқылы ток өткенде зақымдану қаупі өте жоғары.

Егерде ток тікелей бұл органдар арқылы өтпесе, онда ол оларға рефлекторлы әсер етеді, яғни орталық жүйке жүйесіне әсер етеді, ол аз қауіпті.

Көп жағдайларда адам денесі арқылы өтетін ток тізбегі «оң қол - аяқтар» жолы бойынша пайда болады. Мұндай R_k жол өте қауіпті: адам жүрегі арқылы жалпы токтың 6,7% өтетінін, «аяқ-аяқ» жолымен тек-0,4% өтетіні анықталған.

4.7 Сыртқы ортаның жағдайы

Электр тогымен адамдардың зақымдану қаупінің дәрежесі бойынша бөлмелердің өндірістік жіктелімі.

Терінің кедергісі, оның ток өткізетін заттармен ластанған кезінде де азаяды. Жекеленген өндірістік бөлмелерде адам организміне шу және діріл, қысым және қоршаған ауаның құрамы кері әсер етеді. Нәтижесінде бұл факторлар жүйелік реакцияның тежеулеуін, қызметкерлердің әрекеттерінің қателігіне алып келу мүмкіндігін туғызатын көңілдің аландауын тудырады және сәтсіз оқиғалардың пайда болуына алып келеді.

Электр жабдықтарына қойылатын талаптар көбінесе ол орнатылған бөлмеге тәуелді. Адамдарды электр тогымен зақымдау қаупі бойынша

өндірістік бөлмелер жоғарғы қауіпті, өте қауіпті және жоғарғы қауіпсіз бөлмелер болып бөлінеді.

Жоғарғы қауіпті бөлмелер деп салыстырмалы ылғалдылығы ұзақ уақыт 75% асатын немесе ток өткізетін поли немесе ток өткізетін шаңы бар немесе температурасы ұзақ уақыт бойы +30°C асып тұратын, немесе жерлендірілген үлкен металл құрастырма орнатылған және бір жағынан бір мезетте адамның ғимараттардың, технологиялық аппараттардың, механизмдердің және т.б. жермен жанасқан металл құрастырмаларына, екінші жағынан электр жабдықтардың корпусына жанасатын бөлмелерді айтады. Мұндай бөлмелерге ұсталық, механикалық, шаберханалық өндірістік бөлімшелер және жеке бөліктер, жылытылмайтын қоймалық бөлмелер және т.б. жатады. Жоғарғы қауіпті бөлмелерде қолданылатын электр инструменттің және алып жүретін электр шамшырақтардың кернеуі 42 В аспауы керек.

Өте қауіпті бөлмелердің жоғарғы ылғалдылығы (өндірістік жағдай бойынша олардың ылғалдылығы 100% жуық) немесе оқшаулағышқа және ток жүретін бөлікке тұрақты немесе ұзақ уақыт бұза әсер ететін химиялық белсенді ортасы бар. Өндірістік бөлменің жоғарғы қауіптілік нышанын анықтайтын екі фактордың бір уақытта әсері де мүмкін. Өте қауіпті бөлмелер болып сіндіретін, гальвандық, газдыгенераторлы бөлімшелер мен бөлімдер, жуынатын, кір жуатын жерлер және т.б. есептеледі. Оларда 42 В кернеуден аспайтын, міндетті түрде жеке қорғаныс құралдарын (Диэлектрлік қолғап, кілемше және т.б.) қолдана отырып электр аспаптармен жұмыс істеуге рұқсат етіледі.

Жоғарғы қауіпсіз бөлмелер деп оларда бөлмелердің ерекше және жоғарғы қауіптілігін анықтайтын факторлар болмайтын барлық бөлмелер табылады. Бұлар қызметтік және тұрмыстық бөлмелер, жылытылатын қоймалар және т.б.

5 Электрлік торап режимінің және оның бейтараптарының электрлік қауіпсіздік шартына әсерін анықтау

Бейтараптама (бейтарап нүкте) энергия тұтынушысы немесе көзінің орамдары – орамдардың барлық сыртқы шықпаларына қатысты абсолюттік мәндері бойынша бірдей кернеудің нүктесі.

Жерлендірілген бейтарап нүктесі **нөлдік нүкте** деп аталады.

Бейтарап нүктесіне қосылған өткізгіш **бейтарап өткізгіш**, ал нөлдік нүктеге қосылған өткізгіш **нөлдік өткізгіш** деп аталады.

Торап сұлбасы, яғни торапты қоректендіретін көздің бейтарап режимі технологиялық шарттар және қауіпсіздік шарттары бойынша таңдалады.

Бейтараптамалары тікелей жерлендірілген 1000 В дейін тораптар (тікелей жерлендірілген бейтараптамалары бар үшфазалы төртсымды) біздің елде технологиялық талаптар бойынша көп қолданылады, себебі олар екі жұмыс кернеуін: фазалық U_{ϕ} және сызықтық $U_{Л}$ ($U_{Л} = \sqrt{3}U_{\phi}$) пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, трансформаторлар саны мен сымдардың қимасын аз пайдалану арқылы сызықтыдан басқа кернеуді алу үшін оқшауланған бейтараптамалары бар тораптарда жалпы ЭҚ арзандауына қол жеткізіледі.

Қауіпсіздік шарттары бойынша тікелей жерлендірілген бейтараптамалары бар тораптарды сымдардың жақсы оқшаулауын қамтамасыз ету мүмкін емес жерлерде, оқшауламаның зақымдалуын тез табу және жою мүмкін емес кезде қолдану керек.

Бұл кезде туындайтын қысқа тұйықталу токтары зақымдалған телімді немесе зақымдалған ЭҚ-ны релелік қорғау немесе нөлдеу, қорғаныстық ажырату сияқты қорғаныс шарасының көмегімен тез ажыратуға ықпал етеді. Оқшауланған бейтарабы бар тізбектер жерге қатысты желі сымдарының оқшаулама кедергісінің жоғары деңгейін ұстап тұру мүмкіндігі болған және жерге қатысты сымдардың сыйымдылығы шамалы болған жағдайларда адамның электр тогымен зақымдану қаупі жоғары нысандарда қолданылады.

Мұндай желілер агрессивті ортаның әсеріне ұшырамайтын және электр техникалық қызметкерлердің тұрақты қадағалауында болатын шағын қашықтықтағы 1000-ға дейінгі желілер болып табылады.

Торап сұлбасын қауіпсіздік шарттары бойынша таңдау кезінде адамның токпен зақымдалуы көп жағдайда жерге қатысты сымдардың оқшауламасының кедергісіне байланысты болады.

Бұл кедергі Z кешенді болып табылады, онда активті $R_{ИЗ}$ және сыйымдылықты X_C құраушылары бар.

Активті кедергі $R_{ИЗ}$ оқшауламада «токтың өту (ағу) жолдарының» $I_{УТ}$ болуына байланысты болады, ол оқшауламаның тозуы мен бұзылуы, оның құрылымында өткізгіштік бөліктердің пайда болуы мен диэлектрлік қасиетінің нашарлауының нәтижесінде пайда болады. Сыйымдылық кедергісі X_C жерге қатысты сымның сыйымдылығына байланысты, ол өз кезегінде геометриялық өлшемдермен S, d және оқшауламаның диэлектрлік тұрақты материалымен ε , және оның жағдайымен анықталады. Оқшауламаның активті және сыйымдылықты кедергісі сым бойымен бөлінген. Сұлбаларда шартты түрде оларды кернеуі 1000 В дейінгі шағын ұзындықтағы электр желілерінде шоғырланған деп белгілейді, сымның сыйымдылығы жерге қатысты аз $C \rightarrow 0$. Бұл жағдайда оқшауламаның кедергісі тек қана активті құрайшымен сипатталады $Z = R_{ИЗ}$.

Кернеуі 1000 В кабель желілері мен әуе ЭБЖ сымдардың сыйымдылығы жерге қатысты жоғары. Мысалы, кернеуі 1000 В кабельдің бір фазасының сыйымдылығы қорғасын қабықшаға қатысты 1 км кабель ұзындығына 0,15 бастап 0,4 мкФ дейін құрайды.

Сыйымдылық көп болған сайын сыйымдылықты кедергі аз болады. Бұл ретте, тіпті оқшаулама кедергісінің активті құраушысының өте үлкен мәндері кезінде, зақымдану қаупі сыйымдылық құраушысының шамасымен анықталады. Демек, мұндай желілерде жерге қатысты сымдарды оқшаулау кедергісі өзінің қорғаныс рөлін жоғалтады $Z = X_C$.

5.1 Электр желілерінің ток өткізгіш бөліктеріне жанасуы ықтимал жағдайлары

Адамның электр тогымен зақымдануының барлық жағдайлары электр соққысының нәтижесінде болады, яғни адам арқылы токтың өтуі, оның арасындағы кейбір кернеу бар электр тізбегінің кемінде екі нүктесіне жанасу салдары болып табылады.

Мұндай жанасудың қаупі адамның денесі арқылы өтетін токпен бағаланады. Бұл токтың шамасы жанасу сұлбасына байланысты, яғни электр қондырғының қандай бөлігіне адам жақындаса (жанасу), сондай-ақ электр желісінің параметрлеріне қатысты болады. Торап параметрлерін ескермей тұрып, адамның кернеу астындағы бөліктерге жанасу сұлбасын қарастырамыз.

Электр тогымен зақымдану жағдайлары бойынша үй-жайларды жіктеу. Қорғаудың қандай да бір шараларын қолдану электр қондырғылары орналасқан үй-жайдың сипаттамасымен анықталады. Токпен зақымданудың қауіптілік дәрежесі бойынша үй-жайлар үш санатқа бөлінеді [4]:

1) Қауіптілігі жоғары - үй-жайлар үшін мынадай шарттардың бірінің болуы тән: дымқылдық, яғни ауаның салыстырмалы ылғалдылығы ұзақ уақыт 75% асады; ток өткізгіш шаң; ток өткізгіш едендер: металл, жер, темір-бетон, кірпіш; жоғары температура (35°C жоғары); адамның ғимараттың металл құрылымдарына, жермен қосылған технологиялық аппараттарға, механизмдерге бір жағынан және оқшаулаудың зақымдануы кезінде кернеуде болуы мүмкін металл бөлшектерге, электр жабдықтарының корпустарына бір мезгілде жанасу мүмкіндігі.

2) Аса қауіпті - мынадай жағдайлардың бірінің болуымен сипатталады: ерекше дымқылдық, яғни ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 100% жақын; оқшаулауды және ток өткізгіш бөліктерді бұзатын химиялық белсенді орта немесе органикалық орта; бір мезгілде жоғары қауіптіліктің екі немесе одан да көп жағдайлары. Сыртқы электр қондырғыларын орналастыру аумақтары (ашық ауада, қалқаның астында, торлы қоршаулардың ішінде) – аса қауіпті үй-жайларға теңестіріледі.

3) Қауіптілігі жоғары емес - үй-жайда жоғары немесе ерекше қауіп тудыратын жағдайлар жоқ.

Ток өткізетін едендерге дамқыл және лас ағаш және бүйір едендер; металл плиталар, бетон және темір бетонды дымқыл едендер жатады.

Жеке топқа электр тогымен зақымдану қаупі жұмыс істеушінің тығыз, ыңғайсыз жағдайымен, қозғалу мүмкіндігімен шектесетін аса қолайсыз жағдайлар болған кезде жұмыстар бөлінеді. (мысалы, металл ыдыстарда, құдықтарда, тоннельдерде, қазандарда және т.б. жұмыс істеу).

Аса қауіпті үй-жайларда ең алдымен адам тізбегінің кедергісі төмендейді. Жоғары температурада, тер бөлінуінің ұлғаюынан, ылғалдылықтың ұлғаюынан адам денесінің және оның аяқ киімінің кедергісі төмендейді. Адам орналасқан негіз (ток өткізгіш едендер) кедергісі азаяды және нөлге тең болады. Электрқондырғының авариялық режимінде ток өткізбейтін бөліктерге жанасу жағдайында адам арқылы ток ағу мүмкіндігі пайда болады.

Аса қауіпті үй-жайларда салыстырмалы ылғалдылығы 100% тең және жұмыс оқшауламасының зақымдануы кезінде қысқа тұйықталудың пайда болу ықтималдығы, электр қондырғының ток өткізбейтін бөліктерінде фазалық кернеудің пайда болу ықтималдығы жоғары.

Ерекше қолайсыз жағдайларда мысалы, металл ыдыста жұмыс істегенде, ток тізбегі тек қол арқылы ғана емес, дененің басқа да бөліктері (бас, иық, дене) арқылы пайда болуы мүмкін. Бұл ретте жоғарыда аталған факторлардың басқалары да бір мезгілде әрекет ете алады.

Сондықтан жобалау кезеңінде немесе электр қондырғыларында жұмыстарды ұйымдастыру кезінде қауіпсіздік шараларын әзірлеу кезінде үй-жайлардың сипаттамасы міндетті түрде ескеріледі.



Электр тогының зақымдануынан қорғау тәсілі бойынша электр қабылдағыштардың жіктелуі.

Электр тогының зақымдануынан қорғау шаралары электр қабылдағыштардың конструкциясына тікелей салынады (ток өткізетін бөліктердің жұмыс және қосымша оқшаулауы, қуыстарды оқшаулау материалымен бітелеу, корпустарды диэлектрлік және соққыға төзімді пластмассадан жасау және т. б.), не электр қондырғының жерге тұйықтау жүйесімен және қорғаныш өткізгішінің болуымен байланысты нөлдеу, қорғаныш жерге тұйықтау, қорғаныстық ажырату құрылғысы (ҚАҚ) сияқты қорғаныс құралдарын пайдалану үшін алғышарттар жасалады.

Электр тогының зақымдануынан қорғау тәсілі бойынша тасымалданатын электр қабылдағыштар төрт класқа бөлінеді (5.1 кесте).

5.1 кесте - Электр тогының зақымдануынан қорғау тәсілі бойынша электр техникалық және электрондық жабдықтардың жіктелуі

Жабдық тың класы	Қорғану тәсілдері	Конструктивті орындалуы	Шартты белгі
0	1.Тізбектердің қорғаныс электрлік бөлінуі (бөлетін трансформатордан қоректендіру) 2. Оқшаулаушы үй-жайлар, зоналар, алаңшалар	Жұмыс оқшаулағышынан басқа конструкцияда қосымша қорғау шаралары қарастырылмаған	Жоқ болу
I	1.Автоматты өшіру (нөлдеу, ҚАҚ) 2. Қорғаныштық жерге тұйықтау (ІТ жүйесі)	Электр қоректендіргіш сымының жерге тұйықтау желісі және қорғау өткізгішіне қосылу үшін жерге тұйықтау түйістігі бар ашасы болады.	

II	Оқшаулау кедергісін арттыру	Жұмыстықтан басқа қосымша оқшаулама қолдаылады – қос немесе күшейтілген (корпус оқшаулағыш материалдан жасалады)	
III	Жанасу кернеуін ұзақ рұқсат етілген мәндерге дейін төмендету	Ішкі тізбектердің және электрмен қоректендіру желілерінің аз кернеуі (50 В айнымалы және 120 В тұрақты токтан жоғары емес))	

0 класы бар электр қабылдағыштарда қосымша қорғанысты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін негізгі оқшаулаудан басқа, конструктивтік ерекшеліктері жоқ. Сондықтан 0 класты электр қабылдағыштармен жұмыс істеу кезінде сыртқы факторларды (оқшаулағыш ортаны) пайдалану немесе сыртқы электр қорғау құрылғыларын, мысалы, бөлгіш трансформаторларды қолдану керек

I класты электр қабылдағыштары тұрақты жерге тұйықтау желісіне қосылады. Бұл автоматты қорғаныстың іске қосылуын тудыруға және адам арқылы токтың өту уақытын шектеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қорғаныс өткізгішіне қосылған кезде жанасу кернеуін төмендетуге қол жеткізіледі. II класты электр қабылдағыштарда қосымша оқшаулаудың болуы адам арқылы ток өтетін тізбектің кедергісін ұлғайтуға мүмкіндік береді. III класты электр қабылдағыштар үшін шағын (аса төменгі кернеулерді) қолдану адам денесі арқылы қауіпсіз деңгейге дейін өтетін токтың мәнін азайтады.

Электр тораптары мен кернеуі 1000 В дейінгі электр қондырғыларын жерге қосу жүйелерінің жіктелуі және оларды қолдану.

1000 В дейінгі кернеу кезінде қазіргі уақытта кернеуі 36, 42, 127, 220, 380 және 660 В оқшауланған бейтарап үш сымды желі және кернеуі 220/127, 380/220 және 660/380 в тұйық Жерге тұйықталған бейтарап төрт сымды немесе бес сымды желі қолданылады (бірінші сан сызықтық кернеуді, екінші фазалы кернеуді білдіреді). Бұл ретте төрт және бес сымды желілерде ток көзінің (генератордың, трансформатордың) бейтараптығын жерге тұйықтау оны жерге тұйықтау құрылғысымен тікелей жалғайды. Сондықтан мұндай желі тұйық жерге қосылған бейтарап желі деп аталады.

Кернеуі 1000 В дейінгі электр желілерін және электр қондырғыларын жерге қосу жүйелерін жіктеу және оларды қолдану.


1000 В дейінгі кернеу кезінде қазіргі уақытта кернеуі 36, 42, 127, 220, 380 және 660 В неитралі оқшауланған үш сымды желі және кернеуі 220/127, 380/220, 660/380 В неитралі жерге тұйықталған төрт сымды немесе бес сымды желі қолданылады (бірінші сан сызықтық кернеуді, екінші - фазалы кернеуді білдіреді). Бұл ретте төрт және бес сымды желілерде ток көзінің (генератордың, трансформатордың) неитралін жерге тұйықтау құрылғысымен

тікелей жалғайды. Сондықтан мұндай желі нейтралі тұйық жерге қосылған желі деп аталады.

Қазіргі уақытта Халықаралық электротехникалық комиссия (ХЭК) стандарттарына сәйкес электр желілері мен жерге қосу жүйелерінің әріптік белгісі енгізіледі.

Бірінші әріп нейтраль режимін, екіншісі - ашық өткізгіш бөліктерді (АӨБ) немесе электр қондырғысының корпусын жерге тұйықтауын сипаттайды. АӨБ - қалыпты жағдайда кернеуге қосылмай тұратын, бірақ негізгі оқшаулағышы зақымдаған кезде кернеуге қосылып кетуіне ықтимал болуы мүмкін жанасуға қолжетімді электр қондырғының өткізуші бөлігі.

Жерге тұйықталған және оқшауланған электр желілерінің сұлбалары нейтральдармен және олардың әріптік белгілері 5.1 - суретте келтірілген.



5.1 сурет - Үшфазалы және бірфазалы тұтынушылары және жерге қосудың әртүрлі жүйелері бар электр желілерінің сұлбалары

TN-C жүйесі - жұмыс және қорғау өткізгіштерінің функцияларын орындайтын нейтралі жерге тұйықталған және нөлдік өткізгіші (PEN) бар желі. TN-S жүйесі - нейтралі жерге тұйықталған және нөлдік жұмыс (N) және қорғаныс (PE) өткізгіштері бар желі.

TN-C-S жүйесі - PEN аралас нөлдік өткізгіші қолданылады, ол белгілі бір орында бөлінеді және тұтынушыға екі бөлек өткізгішпен келеді: N нөлдік жұмыс өткізгіші және PE қорғаныс өткізгіші.

TT жүйесі - жерге тұйықталған бейтарап пен нөлдік жұмыс өткізгіші (N) және жеке жерге тұйықтау магистралі (PE) бар желі.

IT жүйесі – нейтралі оқшауланған және жерге тұйықтау (PE) магистралі бар желі жүйесі.

PE сызығынан TN-CS жүйесінің ерекшеліктері келесідей:

1) N жұмыс сызығы PE арнайы қорғаныс сызығымен байланысты. Желінің теңгерілмеген тогы үлкен болған кезде, электр жабдықтарының нөлдік қорғанысына нөлдік желінің әлеуеті әсер етеді. TN-CS жүйесі қозғалтқыш корпусының жердегі кернеуін төмендете алады, бірақ бұл кернеуді толығымен жоя алмайды. Бұл кернеудің шамасы сымдардың жүктеме теңгерімсіздігіне және осы сызықтың ұзындығына байланысты. Жүктеме неғұрлым теңдестірілмеген және сымдар неғұрлым ұзағырақ болса, соғұрлым құрылғы корпусының кернеуі жерге дейін ығысады. Сондықтан жүктеме теңгерімсіздігі тогы үлкен болмауы және PE сызығының қайта-қайта жерге тұйықталуы қажет.

2) PE сызығы кез келген жағдайда ағып кету протекторына кіре алмайды, өйткені сызықтың соңындағы ағып кету протекторы алдыңғы ағып кету протекторының бұзылуына әкеліп соқтырады және электр қуатының ауқымды бұзылуына әкеледі.

3) PE жолынан басқа жалпы қораптағы N сызығымен, N сызығы мен PE сызығын басқа бөлімдерге қосуға болмайды. PE желісіне ажыратқыштар мен сақтандырғыштар орнатылмайды және PE ретінде жер пайдаланылмайды.

Жоғарыда аталған талдау арқылы TN-CS электрмен жабдықтау жүйесі TN-C жүйесінде уақытша өзгертіледі. Үш фазалы күштік трансформатор жұмыс істейтін жер жағдайында болғанда және үш фазалық жүктеме салыстырмалы түрде теңдестірілген кезде электр энергиясын салуда TN-CS жүйесінің әсері әлі де мүмкін. Алайда, теңгерімсіз үш фазалық жүктемелер мен құрылыс алаңында арнайы күштік трансформатор жағдайында TN-S электрмен жабдықтау жүйесін пайдалану қажет.

ТТ электрмен жабдықтау жүйесі

ТТ әдісі электр құрылғысының металл корпусын тікелей негіздейтін қорғаныс жүйесін білдіреді, оны қорғаныс жерлендіру жүйесі деп те атайды, оны ТТ жүйесі деп те атайды. Бірінші Т белгісі қуат жүйесінің бейтарап нүктесі тікелей жерге қосылғанын көрсетеді; екінші Т белгісі жүктеме құрылғысының тірі денеге әсер етпейтін өткізгіш бөлігі жүйенің жерге тұйықталуына қарамастан жерге тікелей байланысты екенін көрсетеді. ТТ жүйесіндегі жүктің барлық жерге тұйықталуы қорғаныс жерленуі деп аталады. Бұл электрмен жабдықтау жүйесінің сипаттамалары келесідей.

1) Электр жабдығының металл қабығы зарядталған кезде (фазалық сызық қабыққа тиеді немесе жабдықтың оқшаулауы зақымдалады және ағып кетеді), жерге тұйықтаудан қорғаныс ток соғу қаупін едәуір төмендетуі мүмкін. Алайда, төмен вольтты ажыратқыштар (автоматты ажыратқыштар) міндетті түрде үзілмейді, бұл ағып кету құрылғысының жерге тұйықталу кернеуі қауіпсіз кернеуден жоғары болады, бұл қауіпті кернеу.

2) Ағып кету тогы салыстырмалы түрде аз болған кезде, тіпті сақтандырғыш да жарыла алмауы мүмкін. Сондықтан қорғау үшін ағып кетуден қорғағыш қажет. Сондықтан ТТ жүйесін танымал ету қиын.

3) ТТ жүйесінің жерге қосу құрылғысы болатты көп тұтынады және оны қайта өңдеу, уақыт пен материалдарды өңдеу қиынға соғады.

Қазіргі кезде кейбір құрылыс қондырғыларында ТТ жүйесі қолданылады. Құрылыс қондырғысы электр энергиясын уақытша пайдалану үшін электр қуатын қарызға алғанда, жерге тұйықтау құрылғысы үшін болат мөлшерін азайту үшін арнайы қорғаныс желісі қолданылады.

Жаңадан қосылған арнайы қорғаныс сызығын РЕ сызығын N жұмыс сызығынан бөліңіз, ол сипатталады:

1 Жалпы жерге қосу сызығы мен жұмыс істейтін бейтарап сызық арасында электрлік байланыс жоқ;

2 Қалыпты режимде жұмыс істейтін нөлдік сызықта ток болуы мүмкін, ал арнайы қорғаныс сызығында ток болмайды;

3 ТТ жүйесі жер қорғанысы өте шашыраңқы жерлерде қолайлы.

I, T, N, C, S әріптерінің мағынасы

1) Халықаралық электротехникалық комиссия (ХЭК) көздеген электрмен жабдықтау әдісінің символында бірінші әріп қуат (қуат) жүйесі мен жер арасындағы байланысты білдіреді. Мысалы, Т бейтарап нүктенің тікелей жерге қосылғанын көрсетеді; «Мен» - ешқандай нүкте жермен байланысты емес яғни (деген мағынада) қуат көзінің жерден оқшауланғанын немесе қуат көзінің бір нүктесінің жерге жоғары кедергі арқылы қосылатындығын көрсетемін (мысалы, 1000 Ω;) (I - француз сөзінің бірінші әрпі «оқшаулау»).

2) екінші әріп жерге түскен электр өткізгіш құрылғыны көрсетеді. Мысалы, Т - бұл құрылғының қабығының жерге тұйықталуын білдіреді. Оның жүйенің басқа жерлендіру нүктесімен тікелей байланысы жоқ. N жүктеме нөлмен қорғалғанын білдіреді.

3) үшінші әріп жұмыс нөлі мен қорғаныс сызығының тіркесімін көрсетеді. Мысалы, С жұмыс бейтарап сызығы мен қорғаныс сызығы бір екенін көрсетеді, мысалы TN-C; S жұмыс бейтарап сызығы мен қорғаныс сызығының қатаң түрде бөлінгендігін көрсетеді, сондықтан РЕ сызығы арнайы қорғаныс сызығы деп аталады, мысалы TN-S.

5.2 Оқшауланған бейтарабы бар үш фазалы желілердегі зақымдану қауіптілігін талдау (ІТ жерлендіру жүйесі).


Жалпы жағдайда желінің қалыпты жұмыс режимі кезінде фазалардың біріне тиген адамның зақымдану қаупі (5.1 сурет) жерге қатысты фазалардың оқшаулама кедергісі мен сыйымдылығының шамаларымен анықталады.

Адамның денесі арқылы өтетін ток келесі формуламен анықталуы мүмкін:

$$I_q = \frac{U_\phi}{R_q + Z/3}$$

мұндағы U_ϕ – фазалық кернеу, бейтарапқа қатысты қорек көзінің орамының соңындағы кернеу;

Z – жерге қатысты тораптың (фазаның) ток өткізгіш бөліктерінің толық кедергісі.



5.1 сурет- Қалыпты жұмыс режимінде оқшауланған бейтарабы бар үш фазалы тораптың фазалық сымна адамның жанасуы

Нақты түрде ток келесіге тең:

Кернеуі 1000 В дейінгі электр желілеріне тән жерге қатысты оқшаулау кедергісі мен сыйымдылықтың аз мәндері тең болған кезде, яғни $R_A = R_B = R_C = R_{ИЗ}$ және $C_A = C_B = C_C = 0$ кезде зақымдаушы ток келесі формуламен анықталуы мүмкін.

$$I_f = \frac{U_\phi}{R_f + R_{ИЗ} / 3}$$

(3) формуланы талдаудан оқшауламаның қорғаныстық рөлін көруге болады.

Жоғары деңгейде оқшаулама кедергісін ұстай отырып, желі жұмысының қалыпты режимінде адамның электр тогымен зақымдану қаупін төмендетуге және бір фазалы жанасуды іс жүзінде қауіпсіз етуге болады.

Сыйымдылықтар тең және жерге қатысты оқшаулаудың өте үлкен кедергілері кезінде, бұл электр берілісінің кәбілдік желілеріне тән, яғни $C_A = C_B = C_C = C$ және $R_A = R_B = R_C = \infty$ кезде адам арқылы өтетін ток келесі анықтамамен анықталуы мүмкін:

$$I_f = \frac{U_\phi}{\sqrt{R_f^2 + (X_C / 3)^2}}$$

Жерге қатысты фазаның сыйымдылығы көбірек болған сайын, сыйымдылықты кедергі X_C , аз болады, бұл адамның ток өткізгіш бөліктеріне жансуынан қауіпті болып табылады. Жанасу қаупін азайту үшін желілердің ұзындығын азайту немесе желінің электрлік бөлінуі сияқты қорғаныс шараларын қолдану арқылы жерге қатысты фазалардың сыйымдылығын азайту қажет.

Бұл қорғаныс шарасының физикалық мағынасы тұтынушылардың электр энергиясымен қоректенуі үшін трансформация коэффициенті 1:1 болатын бөлуші трансформаторларды қолдану болып табылады.

Бұл ретте желінің сыйымдылығы бөлуші трансформаторға бір фазалы жанасу кезінде адамның зақымдану қаупіне әсер етпейді, бұл жерде зақымданудың нәтижесін қажетті деңгейде ұстап тұру қажет $R_{ИЗ}$ жеріне қатысты фазалардың оқшауламасының кедергісімен анықталады.

5.3 Оқшауланған бейтарабы электр тораптарында электр тогымен зақымдалу қаупі (TN жерлендіру жүйесі)

Үш сымды желілер пәтерлерді, дәнекерлеу трансформаторларын, сынау қондырғыларын және басқа да бір фазалы тұтынушыларды қоректендіру үшін 127, 220 және 380 В кернеулерде кең таралған.

Адамның электр тогымен зақымдану қаупін бағалау үшін бірнеше жағдайды қарастырамыз.

1. Адамның фазалық сымға жанасуы. Адам арқылы өтетін ток және жанасу кернеуі келесі формуламен анықталуы мүмкін:

$$I_q = \frac{U}{R_q + R_0}$$

$$U_{ПП} = \frac{U R_q}{R_q + R_0}$$

мұндағы R_0 – TV трансформатордың екінші орамының және 2 Ом сымның жерге тұйықталу кедергісі.

$R_{ИЗ} \gg R_0$ болғандықтан, адамға желінің толық кернеуі қосылады $U_{ПП} \approx U$.

Демек, бұл жағдайда адамның электр тогымен зақымдану қаупін азайту үшін зақымдалу тізбегіне адам денесінің кедергісімен тізбектей қосылған қорғаныс құралдарының R_{C3} , аяқ киімнің R_{OB} және еденнің R_{II} кедергісіне үлкен мән беріледі. Жалпы жағдайда адамның денесі арқылы өтетін ток келесі формуламен есептелуі мүмкін

$$I_q = \frac{U}{R_q + R_{C3} + R_{OB} + R_{II} + R_0}$$

5.4 TN-S жерлендіру жүйесінің бес сымдық торабында зақымдалу қауіптілігін талдау (байтараптамалары тікелей жерлендірілген)


Мұндай тораптарда екі кернеу U_ϕ және $U_L = \sqrt{3} U_\phi$: 220/127; 380/220 және 380/660 В қолданылады. Бір фазалы торапқа ұқсастығы бойынша желінің жұмыс режимдерінің екі жағдайына талдау жасалады.

1. Қалыпты жұмыс режимі кезінде желінің фазалық сымна адамның жанасуы (алмастыру сұлбасы 5.2-суретте көрсетілген).

Желінің ток өткізгіш бөліктерінің (фазаларының) оқшаулама кедергісі қалыпты режимде R_0 қорек көзінің бейтараптарының жерге тұйықталу

кедергісінен көп есе асып түседі Сондықтан адам арқылы өтетін зақымдау тогының шамасы келесі формуламен есептелуі мүмкін:

$$I_{\text{ч}} = \frac{U_{\phi}}{R_{\text{ч}} + R_0}$$



5.2 сурет - Адамның жерге тұйықталған бейтарабы бар үш фазалы бес сымды фазалық сымға жанасуы (TN-S жерлендіру жүйесінің тораптары) қалыпты жұмыс режимі кезінде

Генераторлардың немесе трансформаторлардың бейтараптары қосылған R_0 жерге тұйықтағыштың кедергісі немесе бір фазалы ток көзінің шықпалары ЭҚЕ сәйкес жылдың кез келген уақытында 660, 380, 220 желілік кернеу кезінде 2, 4 және 8 Ом аспауы тиіс.

$R_{\text{ч}} \gg R_0$ деп қабылдасақ, онда адамға $U_{\text{ПР}} \approx U_{\phi}$ фазалыққа тең кернеу қосылады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығынан:

а) бейтараптамалары тікелей жерлендірілген тораптардың ток өткізгіш бөліктеріне адамның жанасуы өте қауіпті және жерге қатысты фаза оқшауламасының кедергісіне тәуелді емес;


б) бейтараптамалары тікелей жерлендірілген тораптарда бір фазалық жанасу қаупі оқшауланған бейтарабы бар тораптағы бір фазалық жанасу қаупінен көп есе артық;

в) адамның электр тогымен зақымдану қаупін болдырмау немесе азайтуға жұмыс нысаны болып табылатын торап учаскесінен кернеуді алып тастау немесе электр қорғау құралдарын қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

Құрылыс жобалары үшін электрмен жабдықтауда қолданылатын негізгі электрмен жабдықтау жүйесі үш фазалы үш сымды және үш фазалы төрт сымды жүйе болып табылады, бірақ бұл терминдердің мағынасы онша қатаң емес. Халықаралық электротехникалық комиссия (ХЭК) бұл үшін бірыңғай ережелер жасады және оны TT жүйесі, TN жүйесі және IT жүйесі деп атайды. Қандай TN жүйесі TN-C, TN-S, TN-CS жүйесіне бөлінеді.

Электрлік сұлба

L1
L2
L3
N
PE
A V V



6 Жеке жартылай шарлы жерлендіргіш арқылы жерге токтың ағу құбылысы


Жерге түйықталу деп электрқондырғының кернеудегі бөліктерінің жермен кездейсоқ электрлік байланысы аталады. Жерге ток ағатын орын жерге түйықталу нүктесі деп аталады. Жерге түйықталу нүктесі жерлендіргіш немесе жерге құлап кеткен сым болуы мүмкін. Ток жерлендіргіштер жерге ағып, оның көлемі бойынша жайылады.

Потенциалдары нөлге тең емес жерлендіргішке жақын жатқан топырақ аймағы токтың ағу өрісі деп аталады.

Жермен байланыстағы жеке өткізгіш жеке жерлендіргіш деп аталады. Жеке жерлендіргіштер пішінімен, өлшемімен және жермен түйісуді іске асыру тәсілімен ерекшеленеді.

Жартылай шарлы жерлендіргіш.

Жер бетіндегі шарлы жерлендіргіш, яғни оның орталығы жер деңгейінде болатындай етіп жерлендірілген (6.1 сурет) жерлендіргіш жартылай шарлы жерлендіргіш деп аталады.



6.1 сурет – Жартылай шарлы жерлендіргіштің айналасындағы жер бетінде потенциалдың таралуы

Мұндай жерлендіргіш үшін жер бетіндегі потенциалды (ықтимал) қисық теңдеуі мынадай формула бойынша анықталады:

$$\varphi = \frac{I_3 \cdot \rho}{2 \cdot \pi \cdot x}$$

Жартылай шарлы жерлендіргіштің потенциалы φ_3 жерлендіргіштің радиусы $x = r$ м кезде келесі теңдеумен анықталады:

$$\varphi = \frac{I_3 \cdot \rho}{2 \cdot \pi \cdot r}$$

(2.8) -ді (2.9)-ға бөліп келесіні аламыз:

$$\varphi = \varphi_3 \cdot \frac{r}{x}$$

φ_3 және r тұрақты туындыны белгілеп, k арқылы *тең қабырғалы гипербола* теңдеуін аламыз:

$$\varphi = k \cdot \frac{1}{x}$$

Сондықтан, жартылай шарлы жерлендіргіштің айналасындағы жер бетіндегі потенциал гиперболаның заңы бойынша өзгереді, ол жерлендіргіштің жойылу шамасына қарай ең жоғары мәннен нөлге дейін азаяды (6.1 сурет). Нақты жағдайларда топырақ қалыңдығы әртүрлі болған кезде жерлендіргіштен алшақтаған кезде потенциалдың өзгеруі гипербола бойынша емес, басқа қисық бойынша болады.

Қызмет көрсетуші қызметкерлердің қауіпсіздік шарттары бойынша жерлендіру салыстырмалы аз кедергіге ие болуы тиіс, оны жеке жерлендіргіш құралының (электродтың) геометриялық өлшемдерін ұлғайту немесе *топтық жерлендіру* деп аталатын бірнеше параллель қосылған электродтарды қолдану жолымен қамтамасыз етуге болады.

Топтық жерлендіргішті қолдану арқылы қызмет көрсетуші қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратын жерлендіруші электродтар орналасқан аумақтағы потенциалын теңестіруге болады.

Топтық жерлендіргішті пайдалану кезінде жер бетінде потенциалдың бөлінуі және топтық жерлендіргіштің (электродтардың) потенциалының мәні пайдаланылатын электродтардың санына, олардың түрлері мен көлеміне, сондай-ақ электродтар арасындағы қашықтыққа байланысты болады.

Жанасу кернеуі.

Бұл екі өткізгіш бөліктер арасындағы немесе өткізгіш бөлік пен жер арасындағы кернеу, оған бір мезгілде адам немесе жануар тиген кезде.

Басқа сөзбен айтқанда, *жанасу кернеуі деп* (адам үшін) $U_{\text{пр}}$ *бір мезгілде адамға қатысты ток тізбегінің екі нүктесі арасындағы кернеу немесе адам денесінің кедергісінде кернеудің төмендеуін айтады, В:*

$$U_{\text{пр}} = I_h R_h$$

мұндағы I_h — адам денесі арқылы өтетін ток, өту жолы «қол-аяқ», А;

R_h — адам денесінің кедергісі, Ом.

Қорғаныстық жерлендіру, нөлдеу және т.б. саласында осы нүктелердің бірі жерлендіргіштің потенциалы φ_3 , ал екіншісі — адам тұрған орындағы негіздің потенциалы $\varphi_{\text{осн}}$. Бұл кезде жанасу кернеуі:

$$U_{\text{пр}} = \varphi_3 - \varphi_{\text{осн}}$$

Егер топырақ беті бойынша потенциалдың өзгеру сипатын назарға алса және негіз тогының ағуына қарсылығын елемесе, онда

$$U_{\text{пр}} = \varphi_3 \alpha_1,$$

мұндағы α_1 — жанасу кернеуінің коэффициенті немесе ықтимал қисықтың нысанын ескеретін жай жанасу коэффициенті деп аталатын коэффициент:

$$\alpha_1 = \left(1 - \frac{\varphi_{\text{осн}}}{\varphi_3}\right) \leq 1$$

Жанасу кернеуі жерлендіргіш потенциалының мәніне және оның ықтимал қисығының сипатына байланысты болғандықтан, адам үшін қауіп жеке жерлендіргіштер мен топтық жерлендіргіштер әртүрлі түрлерін пайдалану кезінде әртүрлі болады.

6.1 Жеке жерлендіру кезінде жанасу кернеуі

Мысалы, бізде жеке жерлендіргіштің (электрод) көмегімен жерлендірілген электрқозғалтқыштар сияқты жабдықтар болсын (6.1 сурет). Осы қозғалтқыштардың бірінің корпусына тұйықталған кезде жерге жерлендіргіште және оған жалғанған барлық металл бөліктерде, оның ішінде қозғалтқыштардың корпустарында φ_3 потенциалы (шамасы) пайда болады. Жерлендіргіштің айналасындағы жердің беті жерлендіргіштің пішіні мен өлшемдеріне байланысты қисық бойынша өзгертін потенциалға ие болады (электрод).

Адамдарды токпен соғу қаупі бірнеше факторларға тәуелді: адамның тізбекке қосылу сызбасы, желі кернеуі, желінің өзінің сызбасы, оның бейтарабының режиміне, жердің ток жүретін бөліктерін оқшаулау дәрежесіне, сонымен бірге жерге салыстырмалы ток жүретін бөліктердің көлеміне тәуелді.


Адамның екі фазаға қосылуы сирек болады, көбінесе бір фазаға қосылу жиі кездеседі.

Кернеуде болатын электр қондырғының бір фазасына қосылу кезінде, зақымдану дәрежесі қондырғы бейтарбы жерленген бе немесе жоқпа соған тәуелді.

Адам үшін аз қауіпті болып оқшауланған бейтарапты қондырғыда бір фазаға қосылу табылады, өйткені бұл жағдайда жабдықтың ток жүретін бөлігінің оқшаулағышы қорғаныс шарасын көрсетеді.

Қадам кернеуінің қауіптілігі. Жерде болатын кез келген өткізгіштің айналасында токтың таралу аймағы пайда болады. Мұндай аймақ жерге ток жүретін сымдарды оқшаулаған кезде де пайда болады. Токтың таралу аймағына болып қалған адам «қадам кернеуі» деп аталатын токқа, ол өткізгішке жанаспаса да түседі.

Қадамдық кернеу – бұл жер бетінде екі нүкте арасында бір-бірінен қадам қашықтығында (80 см) пайда болатын кернеу және оларда бір мезгілде адам тұрады.



6.1 сурет - Жеке жерлендіру кезінде жанасу кернеуі:

1 — потенциалдық қисық;

2 — x өзгерген кезде $U_{пр}$ өзгеруін сипаттайтын қисық

Қозғалтқыштың жерлендірілген корпусына және жерде тұрған адам үшін жанасу кернеуі (6.2 сурет, 3 жағдай), АВ кесігімен анықталады және адам мен жерлендіргіш арасындағы x қашықтыққа (адам жерлендіргіштен алыс болған сайын $U_{пр}$ көп болады және керісінше) және қисық потенциалдың формасына тәуелді болады. Осылайша, ең үлкен қашықтықта, яғни $x \rightarrow \infty$ кезінде, ал іс жүзінде $x > 20$ м (6.1 сурет, 1 жағдай) жанасу кернеуі ең үлкен мәнге ие болады: $U_{пр} = \varphi_3$; бұл жағдайда $\alpha_1 = 1$.

Бұл – жанасудың ең қауіпті жағдайы.

x мәні ең аз болғанда, яғни адам тікелей жерлендіргіште тұрған кезде (6.1 сурет, 2 жағдай), $U_{\text{пр}} = 0$ және $\alpha_1 = 0$.

Бұл - қауіпсіз жағдай, өйткені адам кернеу әсеріне ұшырамайды, бірақ ол жерлендіргіштің потенциалының φ_3 астында болады.

x басқа мәндерінде және 0 — 20 м шегінде (3 жағдай) $U_{\text{пр}}$ 0 ден φ_3 дейін, ал $\alpha_1 - 0$ ден 1 дейін өседі.

Тәжірбиеде қорғаныстық жерлендіру құрылғысының жанасу кернеулерінің максималды мәндеріне қызығушылық танытылады.

Мысал үшін $U_{\text{пр}}$ және α_1 өзгеруін талдаймыз.

Жер бетіндегі кез келген нүктенің потенциалы радиусы r жеке жарты шарлы жерлендіру кезінде () теңдеумен сипатталады, сондықтан жанасу кернеуі:

$$U_{\text{пр}} = \varphi_3 \cdot \left(1 - \frac{r}{x}\right)$$

Ал жанасу коэффициенті:

$$\alpha_1 = 1 - \frac{r}{x}$$

$x \rightarrow \infty$ кезде, ал тәжірбиеде $x=20$ м кезде (6.1 сурет, 1 жағдай) $r/x \square 0$, сондықтан жанасу кернеуі мен жанасу коэффициенті максималды мәнге ие болады:

$$U_{\text{пр макс}} = \varphi_3; \alpha_1 = 1.$$

$x = r$ кезде (2 жағдай) $r/x = 1$, сондықтан

$$U_{\text{пр макс}} = 0; \alpha_1 = 0.$$

6.2 Қадамдық кернеуі.

Қадамдық кернеуі деп ток тізбегінің екі нүктесі арасындағы кернеуді айтады, бірі екіншісінен қадамдық қашықтықта болады, 1 м деп аламыз, онда басқаша айтқанда, адам денесінің кедергісінде кернеудің төмендеуі деп аталады В:

$$U_{\text{ш}} = I_h \cdot R_h$$


мұндағы I_h - адам арқылы «аяқ-аяқ» жолы бойынша өтетін ток, А;

R_h — адам денесінің кедергісі, Ом.

Токпен зақымданудан қорғау құрылғылары саласында – жерлендіру, нөлдеу және т.б. – бірінші кезекте жер бетіндегі нүктелер арасындағы және (немесе адам тұратын басқа негіз) жерлендіргіштен токтың ағу аумағындағы кернеуге қызығушылық танытылады.

Токтың ағуына қарсылықты ескерместен, қадамдық кернеудің негізі φ_x , В, және $\varphi_{(x+a)}$, потенциалдардың айырмасы болып табылады. Токтың жайылу

аумағының бетіндегі екі нүкте, жерлендіргіштен x және $(x + a)$ қашықтықта және адам тұрған орыннан адымдық қашықтықта орналасқан (6.2 сурет).



6.2 сурет – Жеке жерлендіргіш кезіндегі қадамдық кернеуі

Осылайша, қадамдық кернеуі B келесідей болады:

$$U_{ш} = \varphi_x - \varphi_{(x+a)},$$

φ_x және $\varphi_{(x+a)}$ жерлендіргіш потенциалының φ_3 бөлігі болғандықтан, олардың айырмашылығы осы потенциалдың жартысы болып табылады. Сондықтан (2.43) формуласын келесі түрде жазуға болады:

$$U_{ш} = \varphi_3 \cdot \beta_1,$$

мұндағы β_1 — қадамдық кернеуінің коэффициенті немесе ықтимал қисықтың нысанын ескеретін жай қадам коэффициенті:

$$\beta_1 = \frac{\varphi_3 - \varphi_{(x+a)}}{\varphi_3} \leq 1$$

Қадамдық кернеуі AB кесіндісімен анықталады (6.2 сурет) ұзындығы әлеуетті қисықтың формасына, яғни жерлендіргіштің түріне байланысты

болады және жерлендіргіштің қашықтығының өзгеруімен ең жоғарғы мәннен нөлге дейін өзгереді.

6.3 Жеке жерлендіргіш кезіндегі қадамдық кернеуі.

$U_{ш}$ және β ең жоғарғы мәні адам бір аяғымен тікелей жерлендіргіште, ал екіншісімен — одан бір адым қашықтықта тұрған кезде, жерлендіргіштен ең аз қашықтықта болады. Бұл жерлендіргіштер айналасындағы потенциал қисық бойынша үлестірілетіндігімен, демек, ең үлкен ауытқулар қисықтың басында пайда болатындығымен түсіндіріледі.

$U_{ш}$ және β_1 ең төменгі мәні жерлендіргіштен үлкен қашықтықта болған кезде, яғни токтың ағу өрісінің шегінде (20 м алыста) болады. Бұл орында $U_{ш} \approx 0$ және $\beta_1 \approx 0$.

20 м аз қашықтықта $U_{ш}$ және β_1 жерлендіргіштің типіне байланысты болатын аралық мәндер болады.

Қорғаныстық жерлендіру құрылғылары тәжірбиесінде *қадамдық кернеудің максималды мәніне* ерекше көңіл бөлінеді:

Жеке жарты шарлы жерлендіргіш кезінде r радиусы қадамдық кернеуі келесіні құрайды:

$$U_{ш} = \varphi_3 \cdot \frac{r \cdot a}{x \cdot (x + a)}$$

ал потенциалдық қисықтың пішінін ескеретін қадамдық кернеуінің коэффициенті:

$$\beta_1 = \frac{r \cdot a}{x \cdot (x + a)}$$

мұндағы x — жерлендіргіштің ортасынан басталған қашықтық, м;

a — қадам ұзындығы, м.

Үлкен x мәндері үшін (іс жүзінде ($x \geq 20$ м) кезінде) $U_{ш} = 0$ және $\beta_1 = 0$.

Дәл осындай нәтижені жерге қосқыштың жанынан аламыз, егер $a = 0$ болса яғни адамның аяғы бір-біріне жақын немесе бір эквипотенциалды сызықта орналасқан болса, онда жерге тұйықтағыштан бірдей қашықтықта болады деген мағынада. Сол себептен жерлендіргіш бірдей қашықтықта болған кездегі жағдайды қарастырамыз.

x мәні төмен болған кезде ($x = r$), яғни адам бір аяғымен жерлендіргіште, ал екіншісімен — оның ортасынан қашықтықта болған кезде $U_{ш}$ және β_1 максималды мәнін аламыз:

$$U_{ш} = \varphi_3 \cdot \frac{a}{r + a}$$
$$\beta_1 = \frac{a}{r + a}$$

6.4 Электр қондырғыларының классификациясы және электр қауіпсіздігі деңгейі бойынша жұмыс жағдайлары

Электр қондырғылары деп электр энергиясын өндіретін, түрлендіретін, тарататын және тұтынатын қондырғыларды айтады. Оларға генераторлар, электр қозғалтқыштары, трансформаторлар, түзеткіштер, радио және телевизиялық байланыс аппаратуралары және т. б. жатады.

Электр қондырғыларында жұмыс жасау қауіпсіздігі электр сұлбаларына және электр қондырғыларының параметрлеріне, номиналды кернеуге, қоршаған ортаға және пайдалану жағдайына байланысты болады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барлық электр қондырғылары (ПУЭ) электр қондырғыларын орнату ережелеріне (ЭОЕ) сәйкес 1000 В дейінгі және 1000 В жоғары болып бөлінеді.

1000 В жоғары қондырғылар өте қауіпті болғандықтан, олардың қорғаныс қауіпсіздік шараларына қатаң талаптар қойылады.

Электр қауіпсіздігі деңгейі бойынша жұмыс жағдайлары 3 категорияға бөлінеді: адамдардың электр тогына түсіп қалу қаупі өте жоғары, өте қауіпті және жоғары қауіп жоқ.

Өте жоғары қауіпті жағдайда төмендегі белгілердің біреуі болуы керек:
ылғалдылық (салыстырмалы ылғалдылық 75% тен көп);
температура (ұзақ уақыт бойы +35° С астам болатын), т.б.

Бұл жағдайларда қауіпсіздікті азайту үшін кіші кернеуді (42 В) пайдаланған дұрыс.

Өте қауіпті жағдайда төмендегі белгілердің біреуі болуы керек:

-ерекше ылғалдылық (салыстырмалы ылғалдылық 100% ке дейін);

-электр құрылғысының ток жүретін бөліктерін және оқшауламаларды бұзатын химиялық активті орта.

Бұл жағдайларда қауіпсіздікті азайту үшін кіші кернеуді (12 В)

Жоғары қауіп жоқ жағдайда жоғарыда көрсетілген белгілер болмайды.

7.Электр тораптарындағы қауіпті талдау


Адам арқылы өтетін ток электр қондырғысындағы кернеуге, адамның торапқа жанасу сұлбасына, тораптағы бейтарап режиміне, сонымен бірге электр торабындағы жерге салыстырғандағы сыйымдылық және кедергіге байланысты болады.

Кернеу астындағы электр қондырғының бөліктеріне адамның бір фазалы (бір полюсті) және екі фазалы (екі полюсті) жанасуы болуы мүмкін. Екі фазалы жанасу дегеніміз, кернеу астындағы электр қондырғысына адамның бір уақытта екі фазасына жанасуы. Бір фазалы жанасу дегеніміз, адамның кернеу астындағы электр қондырғысының бір фазасына жанасуын айтамыз. Адамның электр торабындағы екі фазасына жанасуы өте қауіпті, өйткені, бұл жағдайда жанасу кернеуі тораптағы кернеудің шамасына тең болады

7.1- суретінде адамның электр торабындағы екі фазасына жанасуы келтірілген. Мұнда адам арқылы өтетін токты төмендегі теңдеумен анықтауға болады


$$I_h = \frac{U_{\text{нр}}}{R_h} = \frac{U_{\text{л}}}{R_h} = \frac{\sqrt{3} \cdot U_{\text{ф}}}{R_h} \quad (5.1)$$

Бұл теңдеудегі I_h – адам арқылы өтетін ток, А; $U_{\text{ж}}$ – жанасу кернеуі, В; $U_{\text{л}}$ – айнымалы токтағы үш фазалы тораптар үшін сызықтық кернеу, В; $U_{\text{ф}}$ – фазалық кернеу, В; R_h – адам денесінің кедергісі, Ом.



7.1 суреті – Адамның электр торабындағы екі фазасына жанасуы

Адамның бір фазаға жанасуындағы эквивалентті орынбасу сұлбасына 7.1-суретінде көрсетілген. Есептеуді оңайлату үшін сымның жерге салыстырғандағы сыйымдылығын ескермейміз.



7.2 сурет – Адамның электр торабына бір фазалы жанасуы

Адам арқылы өтетін ток төмендегі теңдеумен анықталады

$$I_h = \frac{U_{\text{нр}}}{R_h} \quad (5.2)$$

Орынбасу сұлбасын қолдана отырып, жанасу кернеуін былай анықтаймыз

$$U_{\text{жсз}} = \frac{R_k \cdot r_1}{R_k + r_1} \cdot I_{\text{общ}} \quad (5.3)$$

Орынбасу сұлбасынан жалпы токты табамыз

$$I_{\text{жсз}} = \frac{U}{r_2 + R_k \cdot r_1 / (R_k + r_1)} \quad (5.4)$$

Жалпы ток теңдеуінен жанасу кернеуін былай анықтаймыз:

$$U_{\text{жсз}} = U \cdot \frac{r_1 \cdot R_k}{r_1 r_2 + r_1 \cdot R_k + r_2 R_k} \quad (5.5)$$

(5.5) теңдеуін қолдана отара адам арқылы өтетін ток төмендегі түрге келеді

$$I_k = \frac{U_{\text{жсз}}}{R_k} = U \cdot \frac{r_1}{r_1 r_2 + r_1 \cdot R_k + r_2 R_k} \quad (5.6)$$

Егер $r_1 = r_2 = r_{\text{жз}}$ ($r_{\text{жз}}$ – оқшаулама кедергісі) болса, онда (5.5) және (5.6) теңдеулерінен

$$U_{\text{жсз}} = U \cdot \frac{R_k}{2R_k + r_{\text{жз}}} \quad (5.7)$$


$$I_k = U \cdot \frac{1}{2R_k + r_{\text{жз}}} \quad (5.8)$$

(5.8) теңдеуіне талдау жасап отыра, торап оқшауламасының кедергісі өскен сайын, адам арқылы өтетін ток азаятындығын байқаймыз.

Егер адам оқшауланған еденде аяқ киімімен тұрған болса, онда еденнің $r_{\text{д}}$ және аяқ киімнің $r_{\text{оф}}$ кедергілерін ескеру керек, сонда (5.8) теңдеуі төмендегі түрде болады

$$I_k = U \cdot \frac{1}{2 \cdot (R_k + r_{\text{д}} + r_{\text{оф}}) + r_{\text{жз}}} \quad (5.9)$$

Бір фаза жерге тұйықталған апатты режимде эквивалентті сұлбаны төмендегі сұлбаға ауыстыру керек.



7.3 сурет – Апатты режимде адамның электр торабына жанасу сұлбасы

Жерге тұйықталу кедергісі r_{Σ} , әдетте, оқшауламалар кедергісінен r_1 , r_2 және адам кедергісінен R_k аз болады, сондықтан, (5.5) және (5.6) теңдеулеріндегі r_2 кедергісін эквивалентті кедергіге $r_3 = r_2 \cdot r_{\Sigma} / (r_2 + r_{\Sigma})$ ауыстыра отыра төмендегілерді аламыз


$$U_{\text{жзж}} = U \cdot \frac{r_1 \cdot R_k}{r_1 \cdot r_3 + r_1 \cdot R_k + r_3 \cdot R_k}, \quad (5.10)$$

$$I_k = U \cdot \frac{r_1}{r_1 \cdot r_3 + r_1 \cdot R_k + r_3 \cdot R_k}. \quad (5.11)$$

r_{Σ} кедергісі нөлге жақын болғандықтан, (5.10) және (5.11) теңдеулері төмендегі түрге енеді:

$$U_{\text{жзж}} = U, \quad I_k = \frac{U}{R_k}. \quad (5.12)$$

Апаттық режимде жанасу кернеуі тораптың кернеуіне тең болады. Құрылғыны қоректендіру үшін көп жағдайда бейтарабы жерге қосылған және оқшауланған үш фазалы тораптар қолданылады. Бейтарабы оқшауланған тораптың бір фазасына адам жанасқанда дене арқылы өтетін ток оқшаулама кедергісіне және жерге салыстырғандағы фаза сыйымдылығына байланысты болады (7.4 сурет).



7.4 сурет – Бейтарабы оқшауланған үш фазалы тораптарға бір фазалық жанасу

Сымдар оқшауламасындағы кедергілер $r_1 = r_2 = r_3 = r_{\Sigma}$ және сыйымдылықтар $C_1 = C_2 = C_3 = C$ бір - біріне тең болса, онда

$$I_h = \frac{U_{\neq}}{R_k} \cdot \frac{1}{\sqrt{1 + r_{\Sigma} \cdot (r_{\Sigma} + 6 \cdot R_h) / 9 \cdot R_h^2 \cdot (1 + r_{\Sigma}^2 \cdot \omega^2 \cdot C^2)}} \quad (5.13)$$

Егер фазалардағы жерге салыстырғандағы сыйымдылықтарды ескермесек, онда (3.8) теңдеуі төмендегі қарапайым түрге келеді

$$I_k = \frac{U_{\neq}}{R_k + (r_{\Sigma} / 3)} \quad (5.14)$$

Егер окшаулама кедергісі шексіз көп болса $r_1 = r_2 = r_3 = \infty$, ал фазалар сыйымдылығы бір-біріне тең болса (кабелдік желілер үшін) $C_1 = C_2 = C_3 = C$, онда адам арқылы өтетін тоқты есептеу теңдеуі төмендегідей

$$I_k = \frac{U_{\Phi}}{R_k^2 + (x_C / 3)^2}, \quad (5.15)$$

мұнда $x_C = 1 / \omega \cdot C$ – сыйымдылықты кедергі, Ом.

(5.15) теңдеуінен тораптағы сыйымдылық қаншалықты көп болса, адам арқылы өтетін ток сонша үлкен болатындығын көреміз.

Бейтарабы окшауланған тораптың апатты жұмыс режимінде бір фазаның жерге тұйықталуы пайда болады. Егер бұл жағдайда жерге тұйықталу кедергісі аз болса, онда зақымдалмаған фазаға адам жанасқан кезіндегі дене арқылы өтетін ток төмендегі теңдеумен анықталады

$$I_k = \frac{U_{\Phi} \cdot \sqrt{3}}{R_k + r_{\Sigma}}. \quad (5.16)$$

Тәжірибеде r_{Σ} кедергісі R_k кедергісінен бір шама аз болады, сондықтан жанасу кернеуін былай анықтаймыз

$$U_{\text{пр}} = I_k \cdot R_k = U_{\Phi} \cdot \sqrt{3} = U_{\text{л}}. \quad (5.17)$$

Сонымен, адам желілік кернеу астында болады және окшаулама кедергісі қорғанысқа ие емес. Сондықтан, бұл жағдайдағы жанасу қалыпты жұмыс торабына жанасуға қарағанда өте қауіпті болады.

8 Электр қондырғыларының ток жүретін бөліктеріне жанасудан қорғану

Травматизмді талдау жасаған кезде, электр травмаларының жартысынан көбі құрылғының ток жүретін бөліктеріне жанасқан кезде болатындығын көреміз.

Электр қондырғының ток жүретін бөліктері деп жұмыс режимінде ток жүретін бөліктерін айтамыз. Оларға мысал ретінде: сымдар, аппаратура элементтерінің түйіспелері және т.б. айтуға болады.

Электр қондырғыларының ток жүретін бөліктеріне жанасудан қорғануда қоршаулар, блокировка, окшаулау және ток жүретін бөліктерді қол жетпейтін биіктікте орналасу қолданылады.

Қоршаулар сыртқы қабатты, шкаф түрінде және т.б. болуы мүмкін. Олар құрылғының бір бөлігі ретінде немесе тасымалды түрде болады. Қоршаулар бір тегіс және тор түрінде орындалады. Оларды ашу және жабу тек ғана арнайы құрылғылар немесе құралдар көмегімен орындалады (8.1 сурет).


Блокировка өте қауіпті жұмыс жағдайларында қолданылады. Олар радио және телевизиялық аппаратураларда, сынақ жасау стендтерінде және жоғары кернеуде окшауламаны сынауға арналған қондырғыларда қолданылады.

Жұмыс істеу принциптері бойынша олар электрлік және механикалық түрлерге бөлінеді.

Оқшаулау. Қазіргі уақытта пайдалану жағдайларына байланысты жұмыстық және қайталама оқшаулау пайдаланылады. Адамдардың тоққа түсіп қалмауын қамтамасыз етуде оқшауламаларды бақылау жүргізіледі. (1 кВ дейінгі электр тораптарында оқшаулама кедергісі 0,5 мОм).

Адамдарға төнетін қауіпті ескерту үшін ескеру плакаттары ілініп қойылады: М: «Жоғары кернеу», «Адам өміріне қауіпті», «Тоқта», «Қоспа, адамдар жұмыс істеп жатыр», «Мына жерде жұмыс істе», «Жерге қосылған» және т.б. қолданылады.

Электрлік оқшаулау кернеуде дұрыс тұрмаған жеке сымдардың өзара немесе металл бөліктермен (жабдықтардың корпустары, «жер») түйісуін болдырмау үшін арналған. Оқшаулаудың бұзылуы («тесілу») электр жабдықтың апатына алып келеді және адамдарға төтенше қауіп туғызады. Оқшаулағыштың дұрыстығы – бұл электр қондырғылардағы қауіпсіз жұмыстың негізгі жағдайы.



8.1 сурет - Электр қондырғысын тормен қоршау

Жоғарыда атап өткен сияқты, ток жүрмейтін бөліктері деп аталатын электр қондырғысының металдық корпусы кернеу астында болуы мүмкін.

Адамдарды электр қондырғыларының ток жүрмейтін бөліктеріне жанасудан қорғауда қорғаныстық жерге қосу және нөлдеу қолданылады.

Қорғаныстық жерге қосу дегеніміз, кернеу астында қалуы мүмкін болған электр қондырғысының металды бөліктерін жермен арнайы қосуды айтамыз. Қорғаныстық жерге қосуды машина корпусының, аспаптардың, электр инструменттерінің, каркас, щит, пульт және шкафтардың металды корпустарына, сонымен бірге кабелдік муфталар, электр сымның болаттан жасалған трубаларының металды бөліктеріне жүргізеді.

Қорғаныстық жерге қосудың мақсаты, ол корпус пен жер арасындағы кернеуді, яғни жанасу кернеуін және де соған байланысты адам денесі арқылы жүріп өтетін тоқты қауіпсіз шамаға дейін азайту болып табылады.

Жерге қосу құрылғысы жерге қосқыштан және жерге қосатын сымдардан тұрады (8.2 сурет).


Жерге қосқыштар табиғи және жасанды болуы мүмкін.

Табиғи жерге қосқыш ретінде ғимараттардың жерге көмілген ток өткізетін бөліктерін, су және басқа құбырларын, кабелдің қорғасын қабатын пайдалануға болады. Бірақ та табиғи жерге қосқыш ретінде газ және басқа жарылғыш заттар жүретін құбырларды пайдалануға болмайды.

Жасанды жерге қосқыш ретінде болат, мыстан жасалған құбырларды (уголки) және басқа металдарды қолданады. Олар траншеяға топырақ қатпайтын тереңдікте көміледі. (М: құбыр диаметрі 5-6 см, ал қалыңдығы 3.5 мм аз болмауы керек). Жерге қосқыштар бір-бірімен балқытылып (сварка) бекітіледі.

Жерге қосатын сымдар оқшауланған және оқшауланбаған болуы мүмкін. Егер жерге қосатын сым ретінде мыс сымды пайдалансақ, оның қимасы 4 мм^2 аз болмауы керек, ал алюминийде – 6 мм^2 .

Жерге қосқыштар және жерге қосатын сымдардың жалғанған түйіспелері сенімді болуы керек.



8.2 сурет – Қорғаныстық жерге қосу құрылғысының сұлбасы

Қорғаныстық жерге қосу құрылғысының техникалық жағдайын анықтау үшін оларды мезгілімен тексеріп және кедергісін өлшеп тұру керек. Кәсіпорындарда қорғаныстық жерге қосу құрылғысының кедергісін өлшеу жылына 2 рет жүргізіледі: жазда (топырақ кепкен кезде), қыста (топырақ қатқан кезде). Электр станцияларында тексеру әр жыл сайын болса, ал әуе және кабелдік желілерінде найзағай болу мерзімінің алдында (сәуір-мамыр айлары) жүргізіледі.


Өлшеуді арнайы М-416 өлшегісімен немесе амперметр-вольтметр әдісімен жүргізуге болады.

Қорғаныстық жерге қосу өзінің құрылғысы бойынша сыртқа шығарылған және контурлық болуы мүмкін.

Соңғы жылдары контурлық жерге қосу көп қолданысқа ие. Ол аудандардағы потенциалдардың теңесуіне және қадам мен жанасу кернеулерінің азаюына алып келеді. 8.3-суретінде контурлық жерге қосу сұлбасы және аудандағы потенциалдардың таралу графигі келтірілген. Суреттен, егер адам екі жерге қосқыштар арасында тұрса, онда жанасу кернеуі үлкен, ал егер адам жерге қосқыштың үстінде тұрса, онда жанасу кернеуі кіші екендігін көреміз. Жерге қосқыштан қашықтаған сайын жанасу кернеуі азаяды және контурлық жерге қосқыш шетінде күрт өседі, мұнда потенциалдың күрт құлауы байқалады.

Нөлдеу кернеуі 1000 В дейінгі бейтарабы терең жерге қосылған төрт сымды үш фазалы тораптарда қолданылады.

Нөлдеу дегеніміз, кернеу астында қалуы мүмкін болған электр қондырғысының металды бөліктерін қорғаныстық нөлдік сыммен қосуды айтамыз.



8.3 сурет – Контурлық қорғаныстық жерге қосу сұлбасы

Нөлдеудің мақсаты – бір фазалы қысқа тұйықталуда корпусқа өтіп кетуінің алдын ала отыра, қорғанысты іске қосып және қоректену торабынан электр қондырғысын минимум уақыт ішінде ажырату.

Қорғау құралы ретінде балқымалы сақтандырғыштар және автоматты ажыратқыштар қолданылады. Үлкен ток пайда болған кезде (ҚТ тогы) балқымалы сақтандырғыштар күйеді немесе автоматта электромагнитті тізбек ашылады, тізбек ажыратылады және электр қондырғысы тораптан ажыратылады.

Нөлдеу құрылысында қоректену көзінің бейтарабы жерге міндетті түрде қосылуы керек. Ол, нөлдік сымдағы, сонымен бірге фазалардың жерге

кездейсоқ тұйықталуында электр қондырғысының корпусындағы кернеуді азайту үшін жүргізіледі.

Қорғаныстық нөлдік сым белгілі қашықтықта қайталап жерге міндетті түрде қосылуы керек. (М: ЭЖ үшін 250 м ден).

Нөлдік сымды қайталап қосу нөлдік сым үзіліп қалу жағдайында немесе фазаның корпусқа тұйықталуында электр тогының әсер ету қауіпін азайту мақсатында жүргізіледі.

Қондырғыны пайдалану алдында, сонымен бірге мерзімді түрде нөлденуді тексеріп тұру қажет.

8.1 Қорғаныстық ажырату құрылғысы

Қорғаныстық ажырату дегеніміз, электр қондырғысына токқа түсіп қалу қауіпі туған кезде, оны автоматты түрде ажыратуды қамтамасыз ететін тез әрекет етуші қорғаныс.


Токқа түсіп қалу қауіпі туған кезде, сол тізбекті тез ажырату мақсатында қорғаныстық ажырату құрылғысы (УЗО) қолданылады.

Олар жерге қосу немесе нөлдеу сияқты қорғаныс шараларынан бөлек түрде де және оларға қосымша түрде де қолданылады. (Көп жағдайларда 1кВ электр қондырғыларында қолданысқа ие: жылжымалы электр құрылғылары, электр инструменттері, жерге қосу және нөлдеу мүмкін болмаған стационарлы электр қондырғыларында). Қорғаныстық ажырату құрылғысының (УЗО) сұлбасы 8.4-суретінде көрсетілген.

УЗО сұлбасы корпус пен көмекші жерге қосқыш аралығына қосылған кернеу релесінен КР (РН) тұрады, ол корпустағы кернеудің мәні шекті рұқсат етілетін мәнінен асып кеткенде іске қосылады және ол автоматты ажыратқыштың (АВ) айыру катушкасымен (ОК) тізбекті тұйықтайды.

Жетістігі – қарапайым және сенімді.

Кемшілігі – селективтілігі және өзін өзі бақылауының жоқтылығы сонымен бірге көмекші жерге қосқышты пайдалануы.



8.4сурет – Қорғаныстық ажырату құрылғысының (УЗО) сұлбасы

9 Оқшаулағыш қорғаныс құралдары

Қорғаныс құралдары жұмыс істеушіге қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсерін болдырмауға немесе азайтуға арналған. Қорғаныс құралдары жеке және ұжымдық болып бөлінеді.

Ұжымдық қорғаныс құралдары өндірістік жабдықпен, нысандармен, ғимаратпен, құрылыспен құрылымдық және функционалдық өндірістік процеспен байланысты.

Жеке қорғаныс құралдарын бір адам пайдаланады.

Электр қорғаныс құралдары - электр қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған электр тогымен зақымданудан қорғау құралы. Оқшаулағыш электр қорғаныс құралдары негізгі және қосымша болып бөлінеде (9.1 кесте).

Негізгі оқшаулағыш электр қорғаныс құралдары - оқшаулағыш электр қондырғының жұмыс кернеуіне ұзақ шыдайтын және кернеудегі ток өткізгіш бөліктерде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін оқшаулағыш электр қорғау құралы болып табылады. Яғни, жұмысты орындау кезінде қызметкерлер негізгі қорғаныс құралдарымен кернеу астындағы электр қондырғыларының ток өткізгіш бөліктеріне тікелей жанасады.

Қосымша оқшаулағыш электр қорғаныс құралдары - ол осы кернеу кезінде өзі электр тогының зақымдануынан қорғауды қамтамасыз ете алмайды, бірақ негізгі қорғаныс құралын толықтырады, сондай-ақ жанасу кернеуінен және адым кернеуінен қорғау үшін қызмет етеді.

9.1 кесте

Кернеуі 1000 В дейін ЭҚ	Кернеуі 1000 В жоғары ЭҚ
Негізгі электр қорғаныс құралдары	
Оқшаулағыш штангалардың барлық түрлері; оқшаулағыш кенелер; кернеу көрсеткіштері; электр өлшеу кенелері; диэлектрлік қолғаптар; қол оқшаулағыш құрал.	Оқшаулағыш штангалардың барлық түрлері; оқшаулағыш кенелер; кернеу көрсеткіштері; электр қондырғыларында өлшеу және сынау кезінде жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған құрылғылар мен құралдар (фазалардың сәйкестігін тексеру үшін кернеу көрсеткіштері, электр өлшеуіш кенелер, кабельді тесуге арналған құрылғылар және т.б); кернеуі 110 кВ және одан жоғары электр қондырғыларындағы кернеуі бар жұмыстарға арналған оқшаулағыш арнайы қорғаныс құралдары, құрылғылар мен құралдар (тасымалдауға және әлеуетті теңестіруге арналған штангалардан басқа).
Қосымша электр қорғаныс құралдары	
Диэлектрлік галоштар;	Диэлектрлік қолғаптар мен бөкістер (боты);

диэлектрлік кілемдер және оқшаулағыш тұғырықтар; оқшаулағыш қалпақтар, жабындар мен жапсырмалар; тіреуіш сатылар, оқшаулағыш шыны пластикалық баспалдақтар.	диэлектрлік кілемдер және оқшаулағыш тұғырықтар; оқшаулағыш қалпақтар мен жапсырмалар; әлеуетті тасымалдауға және тегістеуге арналған штангалар; тіреуіш сатылар, оқшаулағыш шыны пластикалық баспалдақтар.
---	--

Қосымша электр қорғау құралдары өздері электр тогынан қорғауды қамтамасыз етпейді және қорғау әрекетін күшейту үшін негізгі құралдармен бірге ғана қолданылады.

Қосымша оқшаулағыш құралдармен кернеу астындағы ток өткізгіш бөліктерге жанасуға рұқсат етілмейді. Негізгі оқшаулағыш құралдарды пайдалану кезінде бір қосымша оқшаулағыш құрал қолдану жеткілікті. Кернеуі 1000 В жоғары электр қондырғыларында электр тогының зақымдануынан қорғайтын қосымша құралдар міндетті түрде қолданылады.

Электр қондырғыларында аталған қорғаныс құралдарынан басқа жеке қорғаныс құралдары қолданылады:

- басты қорғау құралдары (қорғаныш каскалар, жұмыс істеушінің басын механикалық зақымданудан, судан және агрессивті сұйықтықтардан, кернеуі 1000 В-қа дейінгі ток өткізгіш бөліктердің кездейсоқ жанасуы кезінде электр тогымен зақымданудан қорғау үшін);

- көз бен бетті қорғау құралдары (көзілдіріктер мен қорғаныш қалқандары);

- тыныс алу органдарын қорғау құралдары (газқағарлар мен респираторлар);

- қолды қорғау құралдары (қолғаптар);

- биіктіктен құлаудан қорғау құралдары (сақтандыру белдіктері мен сақтандыру арқандары);

- арнайы қорғаныш киім (электр доғасынан қорғауға арналған жинақтар).

-

9.1 Қорғаныс құралдарын пайдаланудың жалпы ережелері

Электр қорғау құралдарын олар есептелген кернеудің электр қондырғыларында олардың тікелей мақсаты бойынша және талаптарға қатаң сәйкестікте пайдалану керек.

Негізгі және қосымша электр қорғау құралдары жабық электр қондырғыларында, ал ашық электр қондырғыларында және әуе электр беріліс желілерінде – тек құрғақ ауа райында қолдануға есептелген. Ашық ауада дымқыл ауа райында осындай жағдайларда жұмыс істеуге арналған арнайы құрылымдағы қорғау құралдары ғана қолданылуы мүмкін. Мұндай қорғау

құралдары дайындалады, сыналады және оларды техникалық шарттар мен нұсқаулықтарға сәйкес пайдаланады.

Ылғалды және ластанған электр оқшаулағыш қорғаныс құралдарын қолдануға тыйым салынады.

